

Әдебиет - ардың ісі

Ұш қазан

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады

www.ush-k.kz

№41 (303) 14 қазан 2016 жыл

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫ

Жетісу жерінде тиянақты жүзеге асырылуда



Жаннатты Жетісу өңірінің жері бай. Оны құтты қоныс еткен ел-жұртының көңілі жай. Тұрмысы да, әлеуметтік жағдайы да талапқа сай. Кеңістігінің өрісінде төрт түлік түлейді. Жазық жондарындағы егістігінен алтын дән күрейді. Таулы аймақтағы қойтастарының қойнауы қазыналы кеннің қоймасы. Туған өлкем – қандай көркем деп тамсанатын аймақтың табиғи сұлулығы да, таза ауасының қауіпсіздігі де көпке айғақ. Асы жайлауы, Көлсай қойнауы, Шарын шатқалы, Қойбын қапталы, Алтынемел қорығы, Айқай құмның шоғыры, Таңбалы тастың ғажайып шежірелі суреттері, Бесшатыр орыны бәрі-бәрі табиғаттың өзі мүсіндеген, аса маңызды тарихи деректемелер тұнып тұрған, көргенді қызықтырып құнықтырған құндылықтар. Оларға тамсана тандай қағатындар қаншама. Құпиясын тереңге бүгіп, тылсын жатқан нағыз тарихи аңыз. Шетінен сөйлеп кетсе, теңдікті, азаттықты, бостандықты, тәуелсіздікті қазақ халқының тыңқырып күткендік дастан етіп жырлай жөнелетіндіктері кәміл.

Бүгінде осынау шежіресі ұшаң-теңіз, кең-байтақ аймақта ата-бабаларымыз аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді елдің көкбайрағын көкке көтеріп, осы ту астына топтасқан, бір-біріне қарасқан, ынтымағы жарасқан жүзден астам ұлыс өкілдері қолдасып қол ұстасып еңбек етіп, түтіндерін түзу шығарып, шаңырақтарының шаттығын шалқытқанын көрсеніз, мерейіңіз өседі, мейманаңыз тасып, айдарыңыздан жесіледі. Бұл да Елбасымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ көрегендікпен болашақты болжап, салиқалы саясатын жүргізе отырып, тәуелсіздіктің теңдессізге теңгергендігінің шынайы да шырайлы көрінісін дүім жұртқа паш еткендігінің жарқын көрінісі екені дау тудырмаз шындық. Аспан түстес көк туды нық ұстап, қалтқысыз қамқорлық аясында, жасыл желек тыныш бақ саясында, көңілдерге кірбін түсірмей, ынтымақты жарастырып, туған жердің кәусар ауасымен еркін тыныстап өмір сүріп жатқанымыздың өзі бақыттың бақыты деуге лайықты.

Көшбасшымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ – нағыз ел адамы. Тессаларға шаңқан жолы, әрбір қадамы ризалыққа толы. Өңірлерді аралаған сапарларында жұртшылықпен еркін сөйлеседі. Тұрмыстық жағдайымен танысып, не қажеттің бәрін біледі. Ашық пікір алысып, мұң-мұқтаждарына құлақ түреді. Мәселен, Жетісу жеріндегі табиғаттың тосын апатынан зардап шеккен, Ақсу ауданындағы Қызылағаш ауылының жаңаша қалыптасқан келбетке келтірілуін көруге келген сапарында Нұрсұлтан Әбішұлы жұртшылықтың ортақ қайғысының қасіретіне терең мән беріп, зардап шеккен тұрғындарды сабырға шақырып, бірлікшілдікпен тауқыметті тең бөлісіп, жаңадан алты жүзге жуық тұрғын үйлердің төрт-бес ай ішінде бой көтергені куатты елдің қамқорлығы екенін түсіндірген-ді. Алаңға жиналған халық та қисапсыз көп еді. Олардың әрқайсысы көкейіне түйген шаруасын сұрауға ынтылы-тын. Басшымен тілдесіп, жауап алуға ұмтылып баққандар да көп еді. Қиын-қыстау шақтағы ауыл тұрғындарын да, әр саладағы басшылардың да бастарына түскен ауырпалықты жеңілдету жөнінде Елбасының ашық алаңда қарақұрым қауыммен бетпе-бет келіп, именбей, жасқанбай алға шығып, емен-жарқын сөйлесуі кісіліктің, парасаттылықтың, адами қарапайымдылықтың белгісі деп ұққан еді жұртшылық. Тосыннан бұрқанған табиғи апатқа қарсы келер дәрменнің жоқтығын, оның зардаптарын бірлесіп шешу қажеттілігін толық түсінген Республика жұртшылығының көрсеткен қолғабыстары мен қомақты қаржыларының нәтижесінде қиындықтан шығу жолының табылғанын баса айтумен бірге, әрбір отбасына береке-бірлік тілеп, бала-шағасын өсіріп, бақуатты өмір сүру үшін еңбек етуге шақырғаны жұртшылықты сабырлық сабасына түсірген еді. Тек бойымыздағы қайратты, ойымыздағы мақсат-мұратты іскерлікпен жүзеге асырсақ, дәулетіміз құтайып, саулетіміз марқайып, әулетіміздің өркендейтіні қақындағы әңгімеге жұртшылық әбден қаңыққаны анықты.

Жалғасы 4-бетте



ҚАНАТ ҚАҚТЫ «ҚАРШЫҒА» ДЕП «КҮЙ-ҰРАН»

Атырау қаласында Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Мемлекеттік және Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, күйші-композитор Қаршыға Ахмедияров атындағы «Күй – Ұран» атты І республикалық жеке домбырашылар байқауы өтті. Атыраудың киелі топырағында дүниеге келіп, мол мұра қалдырған күйшінің 70 жылдық мерейтойына орайластырылған шараны облыс әкімдігі ұйымдастырды. Талант иесінің құдіретті өнерін еске алуға арналған кеш Махамбет атындағы қазақ драма театрында бастау алды.

Оған өңір тұрғындары, күйшінің туыстары, еліміздің әр түрлірінен келген замандастары мен шәкірттері және облыс әкімі Нұрлан НОҒАЕВ қатысты.

– Қазақ халқын бүгінгі күнге дейін жеткізген – оның дәстүрлері. Соның ішінде Қаршекең қасиетті қара домбыраны қолына қару етіп, құдіретті өнер жолында аянбай тер төкті. Бір адам елге қызмет атқарса, осы ағамыздай атқарсын! Ол Біріккен Ұлттар Ұйымында, Нью-Йорктегі «Карнеги Холда», Вашингтондағы «Кеннеди» орталығында, одан қала берді басқа да алыс-жақын елдерде домбыраның үнін әулетті. Жыр семсері Махамбеттің ұмыт қалған оннан астам күйін қатарға қосты. Бес жүзден аса күйді күйтабаққа түсірді, 150-ден астам әні бар. Мұның бәрі – адал еңбек. 1991 жылы «Гүрөв атауын өзгертеміз» дегенде Қаршекең «Атырау» деген күй шығарыпты. Ол облыстың атауын насихаттауда зор рөл атқарды. Сөйтіп, тарихта өшпес із қалдырды. Күйшінің салып кеткен сара жолын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру – бізге парыз. Биыл бұл байқауды Атырау төрінде өткізсек,

келесі жолы өзінің кіндік қаны тамған жері – Махамбет ауданының Таңдай ауылында ұйымдастыруға әбден болады. Қаршекеңе қандай құрмет көрсетсек те, артық емес,-деді аймақ басшысы.

ЖиындакомпозитордыңжұбайыНұрбикеЖұмағалиева құрастырған кітаптың тұсаукесері болды.Оны Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының деканы Кәріма Сахарбаева көрермендерге таныстырды. Мұнда Қ.Ахмедияровтың көзі тірісінде нотаға түсіріліп, жарыққа шықпай қалған күйлері жинақталған.

Одан әрі Қаршыға Ахмедияров туралы түсірілген «Күй өнерінің алтын жұлдызы» атты бейнефильмнің үзіндісі жария етілді. Фильмнің толық нұсқасы жуырда республикалық және облыстық телеарналарда көрсетіледі. Жиын соңы мерекелік концертке ұласып, Дина Нұрпейісова атындағы Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі өнер көрсетті.

Шара облыстық Н.Жантөрин атындағы филармонияда күй байқауына жалғасып, оған республиканың әр түрлірінен жиырма өнерпаз қатысты. Байқауда облыс әкімінің орынбасары Әлібек Нәутиев сөз сөйлеп, үміткерлерге сәттілік тіледі.

Қаршыға Ахмедиярұлының өнер әлеміндегі өзіндік нақышын әрі қарай дамыту мақсатындағы байқау үш кезеңнен құралды. Бірінші, екінші сатыларында үміткерлер күйлерді өздерінің таңдауы және белгіленген тапсырма бойынша тартса, үшінші кезеңде оркестрдің сүйемелдеуімен орындады.

Сайысқа Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының бас дирижері Ерболат

Ахмедияров, ҚР Мәдениет қайраткері Әбділхамит Райымбергенов, ҚР Еңбек сіңірген әртісі Роза Айдарбаевалар қазылық жасады.

Екі күнге созылған дүбірлі доданың қорытындысында жеңімпаздар анықталды. Марапаттау рәсімі өткен бейсенбіде Махамбет атындағы қазақ драма театрында салтанатты түрде ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғұмар Дүйсембаев қатысып, жүлдегерлерді құттықтады.

Үшінші орынға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының төртінші курс студенттері Асылхан Жоламанов, Серік Әлібеков, Бекболат Әбдіберікұлы, Қазақ ұлттық өнер университетінің бірінші курс студенті Дарын Құдайбергеновтер ие болып, 250 мың теңге ақшалай сыймен марапатталды. Жүлдесі 375 мың теңгені құраған екінші орын аталған консерваторияның төртінші курс студенті Азамат Шынарұлы бұйырды. Бірінші орынды Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясының Атырау музыка колледжінің ұстазы Айнур Сақыпова мен Алматы облысы Қарасай аудандық мәдениет үйінің қызметкері Таңат Сәденов жеңіп алып, оларға 625 мың теңге сый ұсынылды. Ал,Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистранты Абылай Тілепбергенов бас жүлдені жеңіп алып, бір миллион теңгені қанжығаға байлады.

Сондай-ақ, Ахмедияровтар әулеті атынан арнайы дайындалған жүз мың теңгелік сый Атырау музыка колледжінің төртінші курс студенті Жадыра Мияноваға табысталды. Бірқатар үміткерлерге диплом, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаттары тарту етілді.

ХАМИТ АҚЫНДЫ ТУҒАН ЕЛІ ҰЛЫҚТАДЫ

Атырау облысында Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті ақын Хамит Ерғалиевтің 100 жылдығы салтанатпен атап өтілді. Шараға Қазақстан Жазушылар Одағы басқарма төрағасының орынбасары, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Ғалым Жайлыбай бастаған жас ақындар, Хамит Ерғалиевтің ұрпақтары қатысты.



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткен «Жанарымда жұмыр жер» атты

салтанатты кешті Қазақстан Жазушылар Одағы Атырау филиалының директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қойшығұл Жылқышиев ашты.

Қазақстан Жазушылар Одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Ғалым Жайлыбай:

– Хамит Ерғалиев – аңызға айналған адам, қазақтың аяулы перзенті. Бұл той – рух тойы, мәдениет тойы, құрметті азаматтарды әрдайым ұлықтап, еске алып отыруды жүзеге асыруды қолға алу керек,- деп тебірене сөйледі.

Ақын мұрасын зерделеуге арналған кешке ұрпақтары Мұрат Хамитұлы, Алтын Хамит келіні және шөбересі қатысты. Еліміздің түкпір-түкпірінен арнайы келген жас ақындар, яғни Шығыс Қазақстан облысынан Айдаңа Сегізбаева, Орал қаласынан Мейірхан Марленов, Оңтүстік Қазақстан облысынанӘлімжанӘлішер, Ақтөбе облысынан Құндыз Жұбаева, Алматы қаласынан Аслан Тілегеновтер ақынға арнаған жырларын оқыды. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті студенттері Хамит Ерғалиевтің өлеңдеріне кезек берді.

Ақынның 100 жылдығына арналған шара ақынның

туған жері Исатай ауданында да өтті. Ақынның кіндік қаны тамған, тал бесікте тербетілген, балалық шағы өткен туған жері «Ерғали күтірінде» қойылған тақта белгіні ауданның Құрметті азаматы Жанай Беркалиев пен ақынның ұлы Мұрат Хамитұлы ашты. Ал аудан орталығы – Аққыстау селосындағы аудандық мәдениет үйінде ақынның мұражай бөлмесі ашылды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіп Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Хамит Ерғалиевтің шығармашылығы жөнінде баяндама жасады.

Аудан әкімі Тұрарбек Сұлтанбеков сөз алып, аудан тұрғындарын қаламгер мерекесімен құттықтады.

Сондай-ақ, Махамбет атындағы облыстық драма театрында Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Хамит Ерғалиевтің 100 жылдығына орай «Поэзия тарланы» тақырыбында салтанатты кеш өтті.

Әдеби-сазды кешті Атырау облысының әкімі міндетін атқарушы Ғұмар Дүйсембаев ашты.

Шара одан әрі әр облыстардан келген жас ақындардың «Поз-зия падишасы» фестиваліне жалғасты.

ТҰРАНЫҢ
ҰЛЫ ӘМІРШІСІ

3-бет

КӨКПЕМ КЕЛІП
ҚҰЛАҒЫМА СЫР
АЙТТЫ...

5-бет

ЖАЗЫҚСЫЗ
ЖАЗАЛАНҒАН

6-бет

АЛТЫНОРДАЛЫҚ
АҚТӨБЕ - ЛАЭТИ
ҚАЛАСЫ

7-бет



ӨРТКЕ ТИГЕН ДАУЫЛДАЙ...

«Өзге емес, өзiм айтам өз жайымда, Жүрегiм, жалын атқан сөз дайында. Тереңде тулап жатқан дауыл күйдi, Тербетiп, тереңнен бiр қозғайын да»,– деп жырлаған дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың туғанына быыл 105 жыл. Ақын есiмiн ұлықтап, мұрасын қастерлеген халқы ақын рухын өлмес поэзиясы арқылы ұрпақтар санасына сiңiрудi жалғастыруда.

Зағиптар және нашар көретiндерге арналған республикалық кiтапханада ақынды еске алуға арналған ғибратты кеш болып өттi. «Өнер өрiмдерi» клубының жетекшiсi, ақын Әбетхан Тоқтаған кештi кiрiспе сөзбен ашқан соң, ақынның аласапыран өмiрi жайлы бейнефильм тамашаланды.

«Дүниеге келер әлi талай Қасым, Олар да бұл Қасымды бiр байқасын. Өртке тиген дауылдай өлеңiмдi,

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Алматы қаласы ОКЖ-нiң №4 кiтапханасында Қарттар күнiне орай «Ардагерлердi ардақтайық» акциясы аясында «Қарттарым – асыл қазынам» атты әдеби-сазды кеш өткiзiлдi. Мәдени шараны №4 кiтапхана ұжымы, Алмалы аудандық Ардагерлер Кеңесiнiң Жастарға патриоттық тәрбие беру жөнiндегi комиссиясы және Мәдениет және ұлтаралық қатынастар жөнiндегi қоғамдық комиссиясы бiрлесе отырып ұйымдастырды. Аталмыш шараның мақсаты – аға буынға құрмет көрсету, олардың өнегелi жолын жас ұрпаққа насихаттау, оларды инабаттылыққа, адамгершiлiкке, аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Үлкендi сыйлап, кiшiге iзет көрсетiп, әрқашан да iзгiлiкке жол ашып жүретiн халық емеспiз бе?! Кiтапханамыздың жас оқырмандары аузы дуалы, сөзi берекелi, iсi тыңғылықты, ойы терең, ақылы телегей теңiз дана қарияларымыздың мерекесiне арнайы «Қарттарын қадiрлеген ел ардақты» атты әдеби-сазды композициясын әзiрлеп, өздерiнiң мерекелiк тартуларын ұсынды.

Атап айтсақ, Абай атындағы Республикалық дарынды балаларға арналған қазақ тiлi мен әдебиетi пәндерiн тереңдете оқытатын орта мектеп интернаттың оқушылары Жекен Мұхтар, Жандос Аружан өз арнауларын шабытана оқиса, Жеңiсөва Аружан қазақтың киелi қобyzымен күй орындады. Есенова Мөлдiр халық әнi «Балапан қазды» тебiрене шырқап, жүректерге жеткiзсе, Чайковский атындағы музыкалық колледждiң дарынды өнерпаздары Ерлан Жиренше мен Мұраталi Бағиланың орындауындағы баршаның құлағына таныс әсем әндер тыңдарман қауымға ерекше мерекелiк көңiл күй сыйлады.М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның оқушылары Азаматқызы Айдай мен Жайырова Нұрила, Алматы полиграфиялық колледжiнiң студентi Еркін Жантас белгiлi ақындардың жауһар жырларын ерекше шабытпен оқып бердi.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

Бүгiнгi күнi Қазақстан бүкiл әлем мақтанышпен айта алатын мемлекетке айналды. Осы уақыт аясында дербес кеңiстiк қалыптасып үлгердi, нарықтық қатынас орнығып, өлемдiк қауымдастық та бел ала бастады. Тәуелсiз Қазақстанымыздың Ата заңы, мемлекеттiк рәмiздерi, ұлттық теңгесi, ең бастысы– егемендiгi бар. Елiмiздiң болашағын дамытып, ынтымақ пен бiрлiктi орнатып отырған президентiмiз Нұрсұлтан Әбiшұлы Назарбаев тәуелсiздiк жолында көптеген iстер атқарды. Зор мақтанышпен айта алатын елiмiздiң бас қаласы Астана күннен күнге гүлденуде. Оған куә– алып Бәйтерегiмiз, Тәуелсiздiк сарайы, салынып жатқан көрме ЭКСПО-2017. Тәуелсiздiк қазақстандықтар үшiн iзденiс пен ұмтылыс, сенiм мен жарасым әкелдi.

Ағымдағы жылдың бесiншi қазанында Зағип және нашар көретiн азаматтарға арналған республикалық кiтапханада «Мәңгiлiк ел идеясы – ұлттың ұлы мұраты» атты дауыстап оқу сағаты өткiзiлдi.

Шара барысында кiтапхана оқырманы, ақын Әбетхан Тоқтаған елiмiздiң өзiндiк стратегиясы қалыптасқан, әлемдегi алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарынан орын алуы – Қазақстанның Тұңғыш Президентi НұрсұлтанӘбiшұлы Назарбаевтың ерен еңбегi мен көреген саясатының жемiсi екенiн айты.

Ұлтымыздың ұлы тұлғасының бiрi – Әлихан Бөкейхан: «Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы оның соңынан ерер едi», - деп арман еткен ер тұлға бүгiн Елбасымыздың әр iсiнен көрiнiс тапқандай. Керей мен Жәнiбек құрған Қазақ хандығының тарихи жалғасы – бүгiнгi өркениеттi Қазақстан. Елiмiздiң өзiндiк стратегиясы қалыптасқан, әлемдегi алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарынан орын алуы – Қазақстанның Тұңғыш Президентi Нұрсұлтан Әбiшұлы Назарбаевтың ерен еңбегi мен көреген саясатының жемiсi.

Түрiк тарихын зерттеушi, профессор Қаржаубай Сартқожаұлы: «Мәңгiлiк Ел» - түрiк жұртының данагөйi, үш бiрдей қағанның кеңесшiсi болған атақты Тоныкөк негiзiн қалаған идея...» - екендiгiн жазған едi. Түрiк қағанатын құрағаннан кейiн Тоныкөк «Мәңгiлiк Ел» идеясын қолына алды. Мәңгiлiк ел – мақсаты түрiк елiнiң билiгi деп бiршама ғасыр бұрын мәңгiлiк ел идеясын ұсынылғаны байқалады. Мәңгiлiк ел дегенiмiз – мемлекеттiң ғасырлар тоғысында, iрi мемлекеттер арасында бәсекеге төтеп бере отырып, өзiндiк саясатын ұстану деп түсiнуге болады.

Бiр кездерде дүркiретiп билiк құрған Көктүрiктер империясы ту еткен, Тоныкөк негiзiн қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған Мәңгi ел құндылығы бүгiн, мiне, осылайша Қазақстан мемлекетiнiң түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Елбасының «Мәңгiлiк Ел» идеясы тағы бiр данамыз Асан қайғының осы тектес идеясымен де астасып жатыр. Бұл – «Жерұйық» идеясы. Бұл да - өте терең, ғажап идея. Халқының болашағын ойлап, ел аласы, ру таласы болмайтын жер iздеуi баяндалады. Елбасы Жолдауында ұсынған «Мәңгiлiк Ел» идеясын Асан қайғы армандаған «Жерұйық» идеясының жалғасы деп қарастыруымызға болады. Сөйтiп, Қазақстан халқының, дәлiрек айтқанда, қазақ халқының ұлттық идеясы анықталды. Ол – Мәңгiлiк Ел идеясы.

Сан ғасырлық қайғы-қасiретке толы тарихында, қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегiне түсiп, көптеген оқиғаны басынан өткердi. Сол тар жол, тайғақ кешуде арып ашса да, қажып қансыраса да ешқашан өзiнiң қадiр-қасиетiн жоғалтпай, ар-намысын, абыройын төкпей бүгiнгi Тәуелсiздiкке қол жеткiздi.

Iс-шара Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары-100 қадам: баршаға арналған қадiрiгi заманғы мемлекет» бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамның «Бiртектiлiк пен бiрлiк» атты 4-шi бағытының 87-шi қадамы «Менiң елiм» кең көлемдi жобасын қамтыды.

Қасымның өзi емес деп кiм айтасыз?» – деп сөз бастаған «Алатау» дәстүрлi өнер театрының мүгедектердiң демалысын ұйымдастыру бөлiмiнiң жетекшiсi Ғазизхан Әдiлханов кешке арнайы шақырылған мәртебелi қонақтармен таныстырып өттi. Олар: күмiс көмей дәстүрлi әншi, ҚР Мәдениет қайраткерi Нұржан Жанпейiс, №12 музыкалық мектептiң мұғалiмi, домбырашы Гүлзат Құрымбаева және олардың өнерге талпынған шәкiрттерi, Ж.Елебекоа атындағы эстрада-цирк колледжiнiң студентi Жаншырай Тұрсынова оқырмандармен жүздесiп, шығармашылығымен бөлiстi.

Дәнеш Рақышевтiң шәкiртi, қазақтың дәстүрлi өнерiн елiмiз бен шетелде насихаттап жүрген өнер майталманы Нұржан Жанпейiс Қасымның «Өзiм туралысымен» жүрек қылын шертiп, «Баянауыл» әнiмен көңiл бұлтын серпiлттi. Домбырашы Г.Құрымбаева өз саласындағы жетiстiктерiн айта келiп, өнер бұлағымен сусындап келе жатқан шәкiртi Жаншырайды ортаға шақырды. Өнер бұлағымен сусындаған жас талап өрiмтал өнерiн паш етiп, көпшiлiк ризашылығына бөлендi. Ал ақын Талап Қараш

алған әсерiн өлеңмен өрнектеп, Құрманғазының «Сарыарқа», Нұрғисаның «Аққу» күйлерiн күмбiрлетiп, сыйға тартты.

Кiтапхана ұжымы атынан жеке қызмет көрсету бөлiмiнiң меңгерушiсi Салтанат Тiлеукенова кеш қонақтарына «Алғыс хат» тапсырса, домбырашы Ержан Дүйсенбиев, өнер және спорт әдебиеттерi бөлiмiнiң қызметкерi Мұбарәк Шәкiр ағамыз тамаша әндерiн тарту еттi.

Жалпы, кiтапханада өткен бұл кездесу тiл, мәдениет, өнер секiлдi ұлттық құндылықтарымызды дәрiптеуге арналған Елбасымыздың «Ұлт жоспары – 100 қадам» бағдарламасының 85-қадамы: «МӘҢГiЛiК ЕЛ» патриоттық актiсi жобасын әзiрлеу аясындағы тағлымды шара болды десек, қателеспеймiз.

Сәуле СМАҒҰЛОВА,
кiтапхананың тұрақты оқырманы



Ел мүддесiн бәрiнен биiк қоятын, өзiнен кейiнгi iнiлерiнен iзеттiгiн аямайтын, iзiн жалғайтын ұрпағына ұлылығын ұялатып, бiр қауымға бас-көз бола бiлген қарияларымыздың бойында тек қана даналық емес, сонымен қатар өнердiң де сан түрi тоғысқан. Өнерлi қарияларымыз әзiрлеген көлөнер туындыларынан көрме жасалды және «Қарлығаш», «Отан» вокалдық-хор оркестр ұжымдары өнер көрсеттi. «Немерем», «Сағынған Алматымды», «Арыс жағасында», «Мой Казахстан», «Ой, дари-да-да-да – годы не беда», «Бабушки, старушки», «Над окошкам месяц» сынды әуелеген әсем әндер де шырқалып, авторлық туындылар да оқылды.Естелiктер де айтылып, өткенге саяхат жасалды. Сонымен қатар, бiрқатар ардагерлер, «Отан», «Қарлығаш» вокалдық-хор оркестрлерi алғыс хатпен марапаталды.



ШАБЫТТЫҢ ШАЛҚАР КӨҢІЛІ

Халқымыздың өте ертеден ежiгедей сақталып, аса қастерленген мұрасы – Күй! Ұлттық мәдениетiмiздiң құнарлы арнасына жататын күй өнерi өзiнiң өмiршеңдiгi, халыққа етене жақындығымен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келедi. Күйлер ел арасынан шыққан күйма-құлақ дарын мелерi арқылы толыса дамып, ұлттық өмiр-тiршiлiгiмен тығыз байланысып, ел өмiрiнiң рухани серпiгi болды.

Ақтөбедегi ел iшiнен шыққан тума таланттарының көрнектiсi, қазақтың күй өнерiн өзiнiң дәстүрлi үлгiсiнде жалғастырған, ұрпақ жады арқылы сабақтастырған, әсiресе, Қазанғап сияқты ұлы күйшiнiң мұрасын төл шәкiрттерiнен үйренiп, әрiн тайдырмай, нәрiн жоғалтпай қол жалғаған шежiре көкiрек өнерпаз, Қызылорда облысының ауданына қарасты Құланды ауылында туып өскен дәулескер күйшi-домбырашы – Бақыт Басығараев.

Қазақстан Республикасы Тәуелсiздiгiнiң 25 жылдығы аясында С.Бәйiшев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кiтапханасының өнер әдебиеттерi бөлiмiнiң қызметкерлерi Ақтөбе гуманитарлық колледжiнде «Өнерпаз» қызығушылық клубының мүшелерi арасында күйшi, сазгер, термешi Бақыт Басығараевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Шабыттың шалқар көңiлi» атты музыкалық сағат ұйымдастырды.

Шараның мақсаты – қиын да қызық ғұмыр кешiп, артына өшпестей iз қалдырған дәулескер күйшi, домбырашы, термешi Бақыт Басығараев туралы ел азаматтары жазған естелiктер мен өмiр-өнер жолдарын және ол орындаған күйлер мен әндердi өнерсүйер қауымға таныстырып, насихаттау.

Қазақстанның еңбек сiңiрген мәдениет қызметкерi Бақыт Басығараев жасынан күйге құмар, әнге әуес болмақ өседi. Қазанғаптың күйлерiн алғаш мектепте оқып жүргенде Дәулеткелдi, Әбдiғали, Жұмалы тәрiздi домбырашылардан арнайы сабақ алмағанымен, сыртынан тыңдап жүрiп үйренген екен. Кейiн өзiне нағашы болып келетiн Қазанғап шәкiрттерiнiң бiрi Қадiрәлi Ержановтан тәлiм алады. Қадiрәлi нағашысы жасы ұлғайғанда жөнi Бақытқа батасын бередi. Сөйтiп, Қазанғаптың Жұмалы Ембергенов, Қадiрәлi Ержанов сияқты тiкелей шәкiрттерiнен күй үйренген Бақыт Басығараевтың консерваторияда оқымай-ақ, мәнерi бөлек күйшi болып шыққаны табиғи заңдылық болатын.

Бақыт Басығараев Ақтөбенiң мәдени өмiрiне белсене араласып қана қойған жоқ, тiптi 1989 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ»



«Қазақ Елі! Мәңгілік Ел – бір атым! Мәңгі жасау – жалғыз ғана мұратым. Ай менікі сүттей ақ бол туатын, Күн менікі күлмісіреп шығатын».

С.СЕЙІТМАН

Жуырда С.Бәйiшев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кiтапханасы «Қоғамдық келiсiм» КММ-мен бiрлесе Қазақстан Республикасы Тәуелсiздiгiнiң 25 жылдығына орай «Мәңгiлiк Ел» атты мерекелiк кешiн ұйымдастырды.

Оқырман қауымына Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бiр мақсат, бiр мүдде, бiр болашақ» жолдауындағы «Мәңгiлiк Ел» идеясын түсiндiру. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихына шолу жасап, ата-бабаларымыздың тәуелсiздiк жолындағы ерлiгiн жас ұрпаққа жеткiзу. Қазақ халқының төл әдебиетiн, мәдениетiн құрметтеуге баулып, мемлекеттiк тiлдiң мәртебесiн көтеруге, Отанын, халқын сүйуге, ержүректiлiкке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған шарада «Мәңгiлiк Ел» идеясы түсiндiрiлдi.

«Бiз үшiн ортақ тағдыр - бұл бiздiң Мәңгiлiк Ел, лайықты әрi ұлы Қазақстан! Мәңгiлiк Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзiнiң 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бiр мақсат, бiр мүдде, бiр болашақ» атты жолдауында «Мәңгiлiк Ел» идеясын ұсынған болатын. Бұл идея ерте замандардан-ақ бастау алған. «Мәңгiлiк Ел - түрiк жұртының данагөйi, үш бiрдей қағанның кеңесшiсi болған атақты Тоныкөк негiзiн қалаған идея...» - екендiгiн жазған. Елтерiс Құтлық қаған екiншi Түрiк қағанатын құрғаннан кейiн Тоныкөк «Мәңгiлiк Ел» идеясын қолға алды. Мәңгiлiк Ел - мақсаты түрiк елiнiң билiгi деп осыдан XIII ғасыр бұрын мәңгiлiк идеясын ұсынған.

Мерекелiк кеш Б.Айдаровтың орындауындағы «Мәңгi Ел үшiн» бейнебаянымен басталды. Шараның алғы сөзiнде Оңтүстiк Корея елiнiң азаматы, Ақтөбе қаласындағы Седжон Хан атындағы көрiс тiлi орталығының директоры Сонг Ши Менг: «Қазақстан дүниежүзiндегi көптеген мемлекеттерге таныған ел.

Оның өз Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар. Қазақстан Республикасын мекен еткен 130-дан астам ұлт өкiлдерi ынтымақтастықта, бiр үйдiң баласындай тату-тәттi жарасымды тiршiлiк кешiп келедi», - дей келе жастарды рухани бай болуға, кiтаптан нәр алып, болашақ ұрпақты елiн, жерiн құрметтеуге шақырды.

«Ақтөбе облысы әкiмiнiң аппараты» ММ «Қоғамдық келiсiм» КММ-нiң бас маманы Сапаров Түлкiбай Тыныштықұлы: «Тәуелсiздiк – ең басты құндылығымыз. Тәуелсiздiкке қан төгiссiз, бейбiт түрде қол жеткiзiп, елiмiздi әлемнiң өркениеттi мемлекеттерiнiң қатарына қостық. 25 жыл iшiнде тәуелсiз Қазақ елiн қалыптастырып, нарықтың қиын өткелiнен аман өтiп келемiз», - деп қазақ елiнiң ұлтжанды азаматтарының толағай жетiстiкке жетуiне тiлектестiк бiлдiрдi.

«Тiлi басқа тiрегi бiр,

Жүзi басқа жүрегi бiр.

Барлығының тiлегi бiр,

Мәңгi Ел үшiн, Мәңгi Ел үшiн», - деп жырлағандай ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы ЕЛiМ, ЖЕРiМ,

ҰЛТЫМ деген ауыр жүктi арқалап, өмiр мұхитынан жүзiп өтiп, оларды МӘҢГiЛiК ЕЛГЕ жеткiзудi армандаған мақсаты орындалып, Байтақ Елiмiздi әлем таныды.

Елбасымыздың бастамасы бойынша құрылған мемлекеттiк, ұлттық саясатты дамыту мен жетiлдiрудiң ерекше маңызды құралы болып саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгiнде елдi бiрiктiруде, этностар мен ұлттар арасындағы бейбiтшiлiк пен келiсiмдi, татулықты нығайтуда аса маңызды қызмет атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясы - 1995 жылғы 1 наурызда құрылған консультативт-кеңесшi орган.

Сондай-ақ, шараға өзге ұлт өкiлдерi белсене қатысып, өз өнерлерiн ортаға салды. Ақтөбе облыстық немiстердiң «Возрождение» қоғамының «Файльхен» неміс халықтық хоры «Это, Казахстан», «Мы идём в горы» әнiн (Көркемдiк жетекшiсi Гафаров Равиль Успанович) орындаса, Ақтөбе облыстық украиндардың «Оксана» ұлттық-мәдени орталығының мүшесi Нешко Любовь Григорьевна қазақ және украин тiлдерiнде әндер орындап көпшiлiктiң ыстық ықыласына бөлендi.

Ақтөбе облыстық «Шатлык» татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің белсенді мүшесі Исхакова Розалия Хәкім Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңін, №37 қалалық орта мектебінің оқушылары Тыныштық Аружан, Кенжегәлі Гүлден «Саржайлау» әнін орындаса, Бексұлтан Ақтоты «Қазақстан» өлеңін нақышына келтіре оқып берді. Шара барысында «Алашұлы» тобының «Жөкпе-жек» бейнебаяны, «Мәңгілік Ел» бейнематериалдары көрсетілді. Мерекелік кешке колледж студенттері, оқушылар, оқытушылар және БАҚ өкілдері қатысты.

2016 жылы мемлекетіміз бен халқымыз үшін мәні мен маңызы зор бірқатар мерейтойлар мен атаулы күндер, соның ішінде - Қазақ Елі Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына, Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына, адуынды ақын Ж.Жабаевтың 170 жылдығына,ақын, халық жазушысы Хамит Ерғалиевтің 100 жылдығына арналған мәдени шаралар ұйымдастырылуда.

Осы жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында төрткул дүниені дүркіреткен дүбірлі дода - XXXI Жазғы Олимпиада Ойындары өткізіліп, Қазақстан спортшылары үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп, ең биік тұғырға көтеріліп, көк байрағымызды желбіретіп, мемлекеттік Әнұранымызды асқақташа шырқап, 200-ден астам мемлекет ішінен жалпы есепте 22-орынға ие болды.

«Қазақстан-2050» - Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!» - деген Елбасымыздың ұлағатты сөздерін есте естен шығармайық.

Тәуелсiздiгiмiздiң тұғыры биiк, халқымыздың енесi жоғары, әрқашанда айымыз жарық, күнiмiз нұрлы болғай!

Ақмарал МҰҚАШЕВА,
С.Бәйiшев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кiтапханасының қызметкерi

ұлттық консерваториясына арнайы шақыртумен барып, болашақ күйші студенттерге Қазанғаптың күйлерін үйретті. Сол кезде Бақыт ағаның сабағына күй өнерінің белгілі тұлғалары, күй өнерін құрметтейтін басқа да тыңдаушылар қатысып, ол кісінің күй тартысына, Қазанғаптың орындаушылық мектебі туралы және әр күйдің тарихын тарататын әңгімесіне тәнті болыпты.

Бақыт Басығараев 1987 жылдан бастап өзі өмірден озған 2000-шы жылдың аралығында Қазанғап күйлерін насихаттау мақсатында Алматы, Ақтөбе қалаларында, республикасының түпкір-түкпірінде күй кештері өткізілді. Осы еңбектері үшін күйшіге 1998 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері атағы берілді. «Әке көрген оқ жонар» дегендей күйші Бақыт Басығараевтың өнердегі жолын бүгінде ұлдары Ерсайын, Еділ Басығараевтар талмай жалғастырып келеді. Бұлар күй өнерінің ел ішіндегі дәстүрлі сабақтастығын ұштап жүрген өнерпаздар.

Музыкалық сағатқа аталмыш колледждің музыкалық аспаптар бірлестігінің оқытушылары мен студенттері, кітапхана жанынан құрылған

«Өнерпаз» қызығушылық клубының мүшелері қатыасты.

Шара барысында «Күй керуені» атты слайд тамашаланып, «Күй-асыл мұра, қымбат қазына» тақырыбында әдебиеттер көрмесіне кітапхананың жас маманы Н.Қалықова библиографиялық шолу жасады.

Ақтөбе гуманитарлық колледжінің оқытушысы А.Қарғабаева: «Қазанғаптың бірегей ізбасары - Бақыт Басығараев» атты баяндамасында Басығараевтың шығармашылығы жайында біршама мәлімет берумен қатар, өзінің дәулескер күйшіден тәлім алғанын тебіреніспен еске алды. «1994 жылы Қазанғап Тіленбергеновұлының 140 жылдығына арналған Республикалық күйшілер сайысында Бақыт Басығараев бас жүлдені жеңіп алғанын естіп осы күйшіні көрсем деп жүргенімде, зейнет демалысына шыққаннан кейін Ақтөбеге келіп, А.Жұбанов атындағы музыка колледжінде шәкірттерге домбыраның қыр-сырын үйретті. Осылайша, белгілі күйшіден домбыра тартуы мен күйшілік өнерінен дәріс алғандардың қатарында мен де болдым. Ол кісі күйлерді орындағанда Қазанғаптың орындаушылық мектебі туралы және әр күйдің шығу тарихын айтып отыратын» деп, Қазанғаптың «Дөңгелек Ақжелең» және Б. Басығараевтың өзінің «Аманқосым, аман бол» күйлерін орындап берді.

Шара барысында Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенттері: А.Даменов, Б.Қалағанов, К.Сақтаған Қазанғаптың «Бозжорғаның бөгелек қағуы», «Құс қайтару», «Бұраңбел Ақжелең» күйлерін әсем орындады.

Кеш соңында өнер әдебиеттері бөлімінің кітапханашысы А.Келмағамбетова: «Қазанғап мұрасын тірнектеп жинап, кейінгі буынға мәнерін бұзбай жеткізген шебер күйші Бақыт Басығараев туралы айтылар сөз аз емес. Осындай халық мұрасы мен ұлттық музыканы әрі қарай жалғастырушы мына отырған – сіздерсіздер, келешекте әрбіреуіңіз ұлттық аспабымыз – қасиетті қара домбыраны қолға алып қастерлеп, халқымыздың қазынасы – күйлерін насихаттаушы болады деп сенеміз», – деп, кешке қатысушы жастарға кітапхана ұжымының атынан алғысын білдірді.

Ақерке САФИДОЛЛАҚЫЗЫ,
С.Бәйiшев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кiтапханасының «Өнерпаз» клубының жетекшiсi

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС: ЖАҢАША ЗЕРДЕЛЕУ МЕН ПАЙЫМДАУ



Атырау мұнай және газ университетінде Каспий зерттеу институты және «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: жаңаша зерделеу мен пайымдау» атты дөңгелек үстел өтті. Оған университет оқытушылары мен студенттік жастар клубының топ басшылары мен мүшелері қатынасты. Дөңгелек үстелді ашып, сөз алған университеттің ғылыми жұмыстар және инновация жөніндегі проректоры Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың маңыздылығына тоқтала келе, күллі Орталық Азия халықтарын қамтыған ортақ тарихи оқиға екендігін атап өтті. Бұл Ресей империясындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси қайшылықтардың шегіне жеткендігін көрсетті. Қаншама кінәсіз, өз нәпақаларын қарапайым еңбекпен тапқан адамдардың тағдырлары патшалық Ресейдің «бұратана халықтар» деп айдар таққан қазақ, қырғыз т.б. ұлттар мен ұлыстардың трагедиясына айналғандығын мұрағат деректері дәлелдеп отыр. Отандық тарихшылардың мақсаты – Орталық Азия мемлекеттерінің зертеушілерімен біріге, үндесе отыра, «қилы заман» ақтаңдақтарына үңіле отыра, тарих беттерін жан-жақты зерделеп, бірлесе жұмыс атқару. Қазірдің өзінде қырғыз бауырларымыз, әсіресе зиялы қауымы 1916 жылғы оқиғаларды жергілікті халықтарға жасалған «генноцид» деп бағалауда. Ақиқатында бұған келісуге болады, өйткені қаншама біздің де отандастарымыз шет аймақтарға қоныс аударып, өз жерінен, атамекенінен кетті десеңізші, олардың саны жүз мыңдап саналады. Бірақ та, тарихшылардың мақсаты – халықтарды бірлікке, татулыққа шақыру, арамза пайда табудың жолдарын іздейтін пиғылдары жат саясаттанушылардың көзқарастарынан жоғары болып, халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға назар аудартатын салиқалы ой-пікір қалыптастыру қажет деген қөзқарасын білдірді. Келесі сөз алған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы сыйлықтың иегері, танымал өлкетанушы Аманкелді Шамғонұлы Шамғонов көтерілістің шығуы жөнінде жан-жақты баяндай келе,отаршылдық және әлеуметтік езгінің күшеюі,шамадан тыс салық, тонаушылықтың артуы, жергілікті тұрғындардың жағдайын нашарлатып,ұлттық мүдделердің аяққа тапталуына және шеленіске алып келді. Сондай көтерілістің ошағы қазіргі Атырау облысы, Исатай ауданы, Забурын елді мекеніне қарасты Саға деген жерде бұрқ етті. Отандық тарихта Ақай көтерілісі белгілі, ал ақиқатында соңғы

уақыттағы мәліметтерге сүйене отыра, Астрахань қаласындағы мұрағаттар негізінде Өтепқали Дінбаянулы Исатаев бастаған көтеріліс 1916 жылы маусым-тамыз айларында Саға деген жерде болғандығын дәлелдедім», – деп, тұщымды ой білдірді.

Халық батыры Исатай ұрпақтары жөнінде толық мәліметтер бере отыра, ағамыз ата-бабадан қалған игі дәстүрді табанды түрде жалғастырып келе жатқандығын баяндады.Қазақ халқында батырдың туы астында табыла білу – ежелден келе жатқан дәстүр деген қасиетті ұғым әңгіменің өн бойында сезіліп отырды. 1916 жылғы өлкемізде көтерілісті ұйымдастырушы Өтепқали Дінбаянулының суретін оның ұрпақтарының айтуы бойынша салыстыра келе, арнайы ізденістен кейін республикаға белгілі қылқанша шебері, суретші Бақтыгерей Төлеубаевтың қолынан шыққан портрет тұңғыш рет көрермен назарына ұсынылды.

Келесі сөз алған университетіміздің профессоры,тарих ғылымдарының кандидаты Марфуға Уахитқызы Нұрсұлтан: «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс дүниежүзілік тарихтың ажырамас бөлігі, оны объективті тұрғыдан зерттеп, өскелең ұрпақтың санасына жеткізе білу – әрбір тарихшының парызы, қаншама уақыт өтсе де, көтеріліс халқымыздың жадында сақталып, жылдар өткен сайын тарихи маңызын жоймайды», – деді. Осыдан кейін сөзді студенттер алып, Аралбаева Райхан және Аланбаев Виталий көтерілістің шығу себептеріне тоқтала отыра, өздерінің ой-пікірлерін білдірді. «Бұл ұлт-азаттық көтеріліс әлі де жастар тарапынан зерттеліп, ата-бабаларымыздың өшпес ерліктері біздер үшін өнеге болады», - деп, өз ойларын білдірді. Дөңгелек үстелде көтерілген сұрақтар, талқыланған пікірлер мен шешімдерді негіздеп, қорытындылай келе, кафедра меңгерушісі Болат Сырымұлы Нығметов дөңгелек үстелге белсене араласып, тұщымды ойларын айтқан қонағымыз профессор Аманкелді Шамғонұлына Атырау мұнай және газ университетінің ректоры Әли Әжімұлы Әбішевтің атынан сый-сыяпат ұсынып, осындай кездесулер әрмен қарай жалғасын табатынына сендірді.

Болат НЫҒМЕТОВ,

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

Даурен ҚҰЛБАТЫРОВ,

Каспий ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері



ОРТА АЗИЯҒА ТАНЫЛҒАН БАТЫР



Ел қамын ойлап, тарихи тұлғаларды қастерлеп, бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етудің орны бөлек. Мыңдаған жылдар аралығында Ұлы Дала төсінде ел қорғаған даналар, билер мен хандар, батырлар өткен. Олар өз заманында, сол ортада ұлы өзгерістер әкелген. Түтқиылдан шапқан жауымен жан аямай күресіп, халқын ерлікке, елдікке, бірлікке, ынтымаққа тәрбиелеп, тайпа мен ұлттардың жойылып кетпеуін мақсат еткен. Сөйтіп тарих беттерінде өздерінің есімдерін мәңгі ұмытылмастай қалдырған. Сондай ұлы тұлғалардың бірі де бірегейі Самарқан қаласының әмірі, Тұран елінің бас әскери қолбасшысы, Орта Азиядағы теңдесі жоқ сәулетші Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлының биыл 440 жылдығы.

Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері марқұм Әбіш Кекілбаев жерлес жазушымыз Бегімбай Ұзақбаевтың «Жалаңтөс баһадүр» тарихи романының алғы сөзінде: «Түрік дүниесінің бағзыдан баянды абырой беделі мен намысына түгел жоқшы, түгел сақшы да сол болыпты. Сөйтіп жүріп қыр жайлап, қиян кезіп, құйын құғаң көшпенді елдің іргелі мемлекет, ірі ел болуына да жан-тәнімен қолғабыс етіпті. Қазақ хандықтарына жалғызсырағанда жақтас, ойсырағанда одақтас бола біліпті. Жалаңтөстің тұсында қазақтың еш жерде бағы кеміп, сағы сиып көрмепті. Ойға да, қырға да қожа бола білген ондай ерен қолбасшы оған дейін де, одан кейін де көп бола қоймапты», - деп жазыпты.

Ол Сыр бойында атап айтқанда Сырдарияның Арал теңізіне құяр сағасына жақын жердегі Қазалы ауданындағы, бүгінгі Жалаңтөс батыр ауылында 1576 жылы дүниеге келген. Осы атамекеннен әкесі Сейтқұл ұлының бес жасында қуаңшылыққа, ашаршылыққа ұшыраған елін құтқару үшін, 40 мың үйлі ауылдастарын бастап Жиделі-Байсын жеріндегі Бұхар шаһарына жақын Нұрата өңіріндегі Қызектен тауының етегіндегі табиғаты жайсаң жайлауға көшіп барды. Балалық шақтағы досы Шығай хан көмектесіп, Алашқа белгілі қажы Сейітқұлға ұлан-ғайыр шұрайлы алқапты тарту етумен бірге, сол жердегі қазақ жұрты мен қарақалпақ елінің ханы етіп сайлайды.

Әкесі Сейітқұл бай, қажы әрі шешен, батырлық атағымен Алшын жұртының ортасында ерекше қамқоршып, жақсылығымен аты қалыптан танымал, әділ билік жүргізген, халқына қорған болған. Екі әйел алған. Бәйбішесі Сары кемпірден – Сейітмәмбет, Төлеш, Ақша, тоқалы Қара кемпірден – Жалаңтөс, Дүйсеней, Матай, Түрікпен, Қоян атты ұлдары дүниеге келеді.

Жалаңтөс жастайынан білімге құштарлығымен көрініп, мешіт медресесінен сабақ алады. Әкесінің жанында жүріп, ел басқару тәжірибесін санасына түйіп өскен, зерделі, көпшіл бала болады.Талай би, шешендердің, ел басқарған азаматтардың сөзін естіп, ақындардың өлеңдері мен айтыстарын тыңдайды. Жас кезінен ерекше қабілетімен көзге түсіп, қырағы, қайсар болып өседі. Баласының зеректігі мен аңғарымпаздығын байқаған әкесі келешегін ойлап, Тамды мен Қызылқұм қазақтарының ханы, сіз-біз дескен сыйластығы бар Дінмұхаммедтің сұрауымен 12 жасында қарамағына беріп, қызмет етуге баулиды.

Сейтқұл Жалаңтөс ұлынан үлкен үміт күтіп, Бұхарадағы басқару мектебіне береді. Мұнда жас та болса білімді терең меңгеріп, әскери өнердің қыр-сырына қанығып, қатарластарынан әлдеқайда озық қабілеттілігінің арқасында Бұхар ханының көзіне түседі. Әкесі «Мен қартайдым, мына Нұрата өңірін кім басқарды енді» деп ойлап жүретін. Бұл үмітін Жалаңтөс ақтап, ханның сеніміне еніп, әкесінің ұйғарымымен осы өңірге хандыққа сайланып, қызметке бірден кірісіп, халықпен ортақ тіл табысып, үлкен сенімге ие болады. Бұл кездерде жан-жақтан ойрат, жоңғар, қалмақ біткен қаптап, қазақ жерін біртіндеп жаулап алып, орасан зор қауіп төндіріп тұрған. Осының алдын алу үшін Нұрата аймағынан әскери гарнизон ұйымдастырып, жігіттерді көндіріп, солардан қаржысымен тұрақты 500 жасақ құрып, оның санын он мыңға жеткізіп, дайындық жұмыстарын жүргізеді. Ол кезде Бұхара мен Самарқан шаһарларында тұрақты көсіби жауынгерлер жоқтың қасы еді. Нұрата өңірін тез арада игеріп, халқымен тіл табысып, барынша өркендеткені жайлы жағымды әңгімелер Бұхара ханына жетіп, Жалаңтөсті өз жанына алады. Мұнда да жаңадан әскер жасақтап, жауынгер жинауды қолға алады.

Жалаңтөс өмір сүрген заманда Алтын орда, Әмір-Темір империясы құлап, ыдырап, қыпшақ сахарасындағы халықтардың алты Алашқа бөлініп, ұлттық ордалар тігіп жатқан тұсы еді. Хорасан, Иран тарапынан да қауіп төніп, ол мемлекеттің билеушілері осы өңірге қызығып, көз аларта бастаған. Бір жағынан Ұлы Қытай, бір тұстан қызылбастар елі – Иран мен орыс империясы, Еуразия сахарасында қайтадан бас көтеріп, орда тіккен моңғолдардың бір қанаты Жоңғария, қырық пышақ болып билікке, жерге таласып, қырқысып жатқан хандықтар қазақ хандығының болмысына қауіп төндірді. Сырттай айбат көрсетіп, құйтырқы әрекет жасап, Жиделі-Байсынды басып алуды ойластырады. Бұл аймақ әлемге Тұран мемлекеті деген атаумен танылған. Тұран – түрік елі жерінің атауы. Оның аумағы Батыс Каспий жағалауы, Мұғалжар және оңтүстігінде Орал, солтүстігінде Сарыарқа мен шығысында Тянь-Шань және Памир, Алтай таулары етегімен қоршалған шексіз аймақты қамтып жататын қалың ел.

Жалаңтөс өзінің ерекше қабілетімен, ақыл-парасатымен, батыл да табандылығымен көзге түсіп, түркі тектес халықтардың сенімі мен құрметіне бөленеді.

Шын мәнінде, ұлылар бір тайпаның, бір жүздің маңдайына сыймайды. Олар – халық қайраткері. Міне, осындай өркенietetтік деңгейдегі Орта Азиялық ұлы тұлға Жалаңтөс баһадүр 1590 жылы жоғары дәрежелі қолбасшылар даярлайтын әскери мектепте оқиды.

1612 жылы Иманқұл хан Түркістанға аяқ астынан шабуыл жасап, қазақтар мен қарақалпақтарды жазықсыз, еш себепсіз қырғынға ұшыратады. Бұл Жалаңтөстің біліксіз ханға деген ыза-кегін қайнатып, қарсы шығады.

Бір қапталдан қазақтарға қалмақтар да тіссе бастайды. Осыны ескеріп қауіптің алдын алу үшін 1640 жылы қалмақтарға 30 мың қолмен қарсы шығып, ойсырата жеңіп, жаудың 50 мың әскерін тым-тырақай қашырып, көпке дейін беттетеіп қояды.

Бұхар хандығының жарты ғасырға жуық саяси өмірі Жалаңтөс есімімен байланысты. Жоңғар хандығының негізін қалаған Батур қонтайшы 1643 жылы қырғыздарға тұтқиылдан 50 мың қолмен шабуыл жасап, бірталай олжа түсіріп, 10 мыңдай адамын тұтқынға алып, жеңістеріне масайрап келе жатып, жолындағы жер жәннаты Жетісуды жаулап алуды ойластырады. Бұған Белжайлаудағы Орбулақ шатқалында Есім ханның баласы Салқам Жаңгір 600 қолмен қарсы тұрады. Кескілескен шайқаста саны көп жауды жеңе алмасын білген соң Самарқан әмірі Жалаңтөске хабар жібереді. Жалаңтөс бір жұмада 20 мың қолмен жетіп келіп, Батурдың әскерін тас-талқан етіп жеңеді. Батур қонтайшы жеңілгенін мойындап, Жалаңтөске өзінің Қанза деген қызын жасаулап ұзатады. Жалаңтөс бұл қызыды ағасы Ақшаға тарту етеді. Қанза аты қазақ ортасында келе-келе сіңісіп, Қаниспекке айналып, төртқара руының бір аталығы бүгінде осы есіммен аталады. Бұл анамыздан Айдарбек, Ақылбек, Қалқаман, Шылым, Еламан деген ұлдар дүниеге келеді.

Самарқанда 43 жыл өмірін жүргізген Жалаңтөс 80 жасында дүниеден озып, Ақсақ Темірдің бас үзәріт болған айгілі Ораз қажы атасының пікірлес әрі шынайы жолдасы әулие, білікті діндар Махтұм Ағзам бейітіне қойылады. Мұнда қыздары Малика, Ихлима бану, Айбibi және ұлы Сұлтанбек те жерленген.


Тарих ғылымының докторы, профессор, академик Манаш Қозыбаев «Тұлғалар тұғыры» кітабында: «Жалаңтөс -- Әмір-Темір, Ұлықбек, Бабыр, Жәңгір, Бейбарыс, Абылай, Қалдан Церен сияқты ұлы қолбасшы, мемлекет қайраткері. Ұлы сәулет өнерінің қамқоршысы. Самарқанды Тұран елінің астанасына айналдырған жасампаз жан», – дейді.

Дүние жүзі тарихында сирек кездесетін мұндай ірі тұлғаны мәңгі есте сақтап, ұрпағына үлгі-өнеге етуде Қызылорда облысында нәтижелі жұмыстар істеліп, Сыр шежіресіне өшпестей алтын әріппен жазылып қалды. Облыстағы спортта дарынды балаларға арналған мектеп интернатына, Арал қаласындағы стадионға, Қазалы ауданындағы бұрынғы Қызыл ту кеңсарына, Қызылорда, Ақтөбе, Арал, Қазалы қалаларындағы көшелерге Жалаңтөс есімі берілген. Облыс орталығы Қызылорда қаласында Жалаңтөс баһадүрдің зәулім ескерткіші орнатылды. Мемлекеттік сыйлықтың иегері Иранбек Оразбаевтың «Жалаңтөс баһадүр» атты драмасы республикалық және облыстық драма театрларында қойылды.

Даңқты ержүрек батыр бабаға 440 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында, үстіміздегі жылы лайықты құрмет көрсету мақсатында маңызды шаралар өткізу қолға алынды. Бүгінгі және келешек ұрпақтың бақыты өмірі үшін елін қорғап, артында өшпестей мәңгілік мұра қалдырған Жалаңтөс Сейітқұлулына Астана мен Алматы қаласында ескерткіш орнатса да артық болмас еді. Бұл оның баға жетпес өлшеусіз еңбегіне көрсеткен зор құрмет болар еді. Дана туған, дара тұлға Жалаңтөс баһадүр бабамыздың өркенietetтің өріне, сан-салтанаттың төріне сүйейтін де, тірейтін де еңбегі ұшан-теңіз. Оның ерекше батырлығы, ел қорғаудағы қаһармандық тұлғасы мен сіңірген іс-әрекеті туған халқының естен шықпас тарихына айналып, жыл өткен сайын асқақтап, маңызы артып, ұрпағын нұр сәулеге бөлеп, түріктес халықтардың ортақ мақтаншыы болып, мәуелей берері сөзсіз.

Нажмадин МҰСАБАЕВ,

«Жалаңтөс баһадүр» атындағы республикалық қордың президенті.



«Егер азамат өз елінің саяси киімінің тозғандығын көре тұра, тозды деп айтып, оны жаңартуға ат салыспаса, ол өз Отанының сатқыны»

Марк Твен.

Уақыт қазақ мемлекеттігінің толыққанды идеологиялық даму негізі ұлттық тарихтың ерекшеліктерін және қазақ халқының мәдени-дүниетанымдық сипатын бойына сіңірмей қалыптасуы мүмкін еместігін бұлтарқысыз көрсетті. Түркі тарихын терең зерттеуге ғана емес, бүкіл адамзаттың өткен шағына деген мүлдем жаңа ғылыми-теориялық тәсілге де сұраныс өте күшті.

Адамзат өзінің жеті мыңжылдық дамуында алдағы тағдырына жауапкершілікті сезіну үшін мол тәжірибе мен білім жинақтады. Шыңғыс хан мен Әмір Темір Тынық мұхитының жағалауынан Еуропаның Вена алқабына дейін, Еуразия құрлығында үлкен империя құрды. Бұл дүниежүзілік тұрғыдан аса үлкен күш-қуат. Осы тұрғыдан алғанда кез келген зиялы адамның, әсіресе тарихшының міндеті объективті шындықты анықтау десек, асыра мақтау мен негізсіз даттау көбейген бүгінгі алмағайып заманда тарихи шындықты мүмкін болғанша тамыршыдай тап басып аршитын ғалым да, тұлға да аз.

Десек те халықтың жадын, ұлттық санасын тарихи тұрғыдан ояту жолында, яғни бәсекелі өмірге қабілетті және мәңгілік елге лайық рухты намысы асқақтаған жаңа ұрпақты жаңаша өрбітудің мүдделі мақсатында қыруар ұтқыр жұмыстарды атқаруға міндеттіміз. Демек, бүгінгі қазақ елі қолға жедел алатын ұлттық мәселе шаш етектен екені ақиқат. Еңбегі сіңген тұлғалардың есімін ардақтап ұлықтау, атқарған ісінің мәні мен мазмұнын ашу тарих үшін аса қажет. Өйткені кез келген мемлекеттің тірегі – белгілі бір ұлт, оның дәуірде қайталанбас біртуар ұлы тұлғасы. Сондай ұлы тұлғаның бірі, бірегейі – Баһадүр Жалаңтөс екені хақ.

Мысалы, күллі әлемге аты мәшһүр Жалаңтөс бабамыз бүкіл өмірінде елуге тарта соғысқа қатысып, бәрінде айтулы жеңіспен аяқтағаны аян. Соғыстың небір әдіс-тәсілін, алғыр айласын терең меңгерумен оздыра жүріп, жанқияр қаһарман батырлығымен де, қолбасшылық даңқты іскерлігімен де заманындағыларды таңғалдырған Жалаңтөс баһадүрге сол кезеңдегі ең жоғарғы «Аталық» лауазымының берілуі, оның аса көрнекті қолбасшылық келбетін таныта түседі. Самарқанды кемел де көреген кемеңгерлікпен басқару қызметінде Темірден кейінгі әйгілі Әмірі ретінде Жалаңтөс 42 жыл бойы болғандығы, халыққа жайлы, ерлігіне ақылы сайлы ұлы тұлға екендігін дәлелдей түседі.

Жалаңтөс баһадүр ұлттың тәуелсіздігі мен жарқын бақыты үшін өлшесіз тер төккен парасатты мәмлерге, сұңғыла саясаткер, көреген де кемеңгер билеуші болды. Елдің өркендеп, дамуына зор үлес қосқан. Әлемдегі кереметтер қатарына жатқызылатын «Шир-Дор» мен «Тілла-Қари» медреселерін салдырып, Регистан алаңын озық өркениетке сай жаңғыртып, болашақ ұрпаққа көрікті де үлкен алаңды сыйға тартқан көрнекті сәулет өнерінің қолдаушысы, әрі жүзеге асырушысы болды.

Хас батыр, кемеңгер қолбасшы, көреген елбасы бола білген Жалаңтөс бабамыз өз Қазақ жерінде тиісті дәрежеде лайықты бағасын алған жоқ. Ұлы бабамызды дәріптеп, оның өнегелі өмір жолдарын ұрпақ зердесіне сіңіретін кез әлдеқашан жетті.

Еліміздің Астана, Алматы сияқты бас қалаларында орталық үлкен көшелерге Баһадүр баба есімін беріп, орталық алаңдарға ескерткіштер орнатуды кезек күттірмейтін іс деп білеміз, сондай-ақ, әлемдік деңгейдегі ұлы тұлғаға бірнеше ірі қалаларда мұражайлар ашып, мектептерге есімі берілсе, аудандар оның атымен аталса, бұл билік тарапынан аса бір құптарлық оң іс боп табылар еді. Өйткені, Жалаңтөс баһадүр Ұлы Тұранның дәуірде біртуар қаһарлы батыры, ұлы Әміршісі, белді Әлім тайпасынан тараған нағыз Қазақтың ұлы! Ғасырда бір келетін Жалаңтөс баһадүр сияқты халық ұлдарымен мақтана да, масаттана да білейік!

Бұл жаһандану процесінде әлемнің даму тарихын ескеру, сонымен қоса әрбір ел мен аймақтың рухани-мәдени құндылықтары мен шынайы отандық тарихты қолдау өте маңызды іс-шара. Түптеп келгенде бұлардың барлығы әлемдік тәртіптегі жаңа ғаламдық стратегияны жасауға өз септігін тигізуі керек.

Тарихи тақырыпқа түрен салып, бірнеше ғасырды артқа салған көмес дүниені дастан етіп жазу әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін қозғар тақырыпты терең зерттеп, ұдайы ізденіп, жанқиярлықпен еңбек ету керек болатыны сөзсіз. Сардарбек жыраудың «Баһадүр Жалаңтөс» жайлы ескі тарихты қозғап, тереңнен толғап жазған дастанына ерекше риза болып отырған жайымыз бар. Қаламы қарымды жыраудың ерінбей- жалықпай бейнеттеніп, шежіреге жан бітіріп, сөзден өрнек тоқуы, қазақтың ұлы тұлғасының айшықты өмір жолын әрқилы оқиғалармен қабыстырып көмкере білуі ақындық шеберлігін айқын танытып тұрғандай.

Жалаңтөс кемелдігін жеткізе алсам,
Шаша алсам қызыл тілмен інжу-маржан.
Таласқан аспан менен ғимаратты,
Жер жүзін шарласан да табу қайдан.
«Шер-Дор» мен «Тілла-Қари» күмбездері,
Нұр алып жарқырайды туған Айдан.
Басына мұнараның шығу үшін,
Кемінде бір жыл керек талаптансаң.
Ілмекті арқаны бар ұры-қары,
Шыға алмас дарбазаға айласы асқан.
«Көкке өрлеп бұлтты құшқан мұнараға,
Болады шығамын» – деу, әуре сарсаң.
Өзі де өнеріне сәулетшінің,
Сүйсініп көзі тоймай болды қайран.
Даңқы мен батырлығын Жалаңтөстің,
Тіл байғұс шама жетіп айта алмаған.
.
«Ләә-иллаһа-иллалаһ» – деген дұға,
Хатталып қабырғаға айшықталған.
Ғаламға қос ғимарат біткен жылын,
Жылы деп Жалаңтөстің анықталған.
Ай мен Күн сырнай тартып,
Жұлдыз билеп,

Тойлапты періштерлер қуанғаннан! – деген жыр жолдарынан айшықты теңеу мен көркем суретті көріп еріксіз ғажаптанасың! Және мұндай өрнекті жолдар дастанның өн бойында аз ұшыраспайды.

Бір сөзбен айтқанда Сардарбек жыраудың айтулы бұл еңбегі ауыз толтырып айтуға тұрарлық дүние, оның «Баһадүр Жалаңтөс» жаңа кітабына ақ жол тілейміз!

Талас ОМАРБЕКОВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, ҰҒА-ның құрметті академигі.

Молдағали МАТҚАН,

Халықаралық Мұстафа Кемал Атапұыр атындағы Алтын медалінің иегері, қоғам қайраткері, публицист-жазушы, академик.

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫ

Жетісу жерінде тиянақты жүзеге асырылуда



Мемлекет басшысының Алматы облысының, оның орталығы Талдықорғанға келген әрбір іссапары өткенді қорытындылап, алдағы межені нақтылайтыны анық. Осы тұста ерекше есте қалатын жайт, Елбасының көрегендігі, болашақтың бағат-бағдарын алдын ала айқындағыштығы нысанаға деп тиіп жатады. Тұжырымды түйінді өрімдері, орнықты салиқалы сөзі нақтылығымен иландырады. Міндеттер жемесін саралап айқындайды. Сұрақтарға берілетін жауаптары да салмақтылығымен, орнықтылығымен, нақтылығымен қанағаттандырады. Тыңдаушы жұрт оған әрдайым дән ризалықтарын білдіріп жататыны екінші біріне аян. Парасатты пайымына сүйсінгендік пейіл танытады. Сенім артады. Жүзdesудің әсерімен жігерленетіні және бар. Іске жұдырықтай жұмыла кіріскендердің қашанда жеңіске қол жеткізері анық.

Елбасының ойлағаны да, мұрат тұтып дйттеген межесі де Хантәңірі шыңындай биік, әрі шалқар дариядай ұшан-теңіз. Олардың бәрін іске асыру құрметті парыз. Сол үшін де Жетісу жерінің халқы бірліктің құрышы – ынтымағының ырысын көбейтуге, татулықтың дұрысы – тыныштықтың тынысын кеңейтуге, ел үшін жаратылған дара тұлғаның өмірімізді жарқын етіп, табысымызды молайтып, тұрмысымызды асартуға бағытталған бағдарламалық тапсырмаларын тиянақты түрде жүзеге асыруға әрқашанда әзір екендігін іспен дәлелдеу үстінде. Ақжарылқап жақсылықтың нұрлы жолына жетелеп келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтарды, Мәңгілік елдің биік төріне қарай іскерлікпен бастай беретіндігіне кәміл сенеміз.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алматы облысына бұдан екі жыл бұрын қызылша өнімін өндіруді, бұл шаруаны тиянақты жүргізу жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Осыған орай қант қызылшасы дақылын өсіру қызу қолға қайта алынғаны еді. Қайта дейтініміз бұрын Жетісу өңірі қант қызылшасын өсіруде республика бойынша Жамбыл облысынан кейінгі екінші орынды иеленетін. Бірақ соңғы жылдары бағалы дақылды өсіру күрт төмендеп кеткен-ді. Қант зәрушілігі көбейді. Осындай жағдайды көріп-білген Елбасымыз Амандық Ғаббасұлы БАТАЛОВТЫ Алматы облысының әкімі етіп тағайындағанда, алға қойған тапсырмасының ең бастысы – қант қызылшасы егістігінің көлемін ұлғайтып, қант өнімімен тұтынушыларды қамтамасыз ету міндетін жүктеген еді.

Уәдеге берік іскер башы Амандық Ғаббасұлы қызылша өсірушілерге жан-жақты қолдау көрсетіп, мемлекеттен бөлінген 240 миллион теңге субсидияға дақылды өңдейтін арнайы техника, сапалы тұқым, тыңайтқыш, гербицид, жанар-жағармай, егістікпен өндірілген дақыл өнімін қабылдау пункттеріне тасымалдайтын жүк көліктері сатып алынды. Қант қызылшасын өсіру қызуге қызу кірісіп, өнімді көбейтуге күш жұмылдырылды. Облыс бойынша 932 мың гектар алқапқа ауылшаруашылық дақылдары егілді. Оның ішінде Елбасының өзі тікелей бақылауындағы қант қызылшасы дақылы 6.8 мың гектар алқапқа орналастырылды. Бұл бағалы дақылдың егістік көлемін алдағы жылдары еселеп артыру көзделуде. Жалпы алғанда 14 мың гектарға жеткізу нысанаға қойылған. Әр гектардың түсімділігі 375 центнерге дейін жеткізілмекші.

Өткен жылы тек «Көксу қант зауыты» ғана 120 мың тонна бағалы дақылды өңдеп, 12 мың тонна қант өндірді. Бюджет қоржыны да қампиып, салықтан 17 миллион теңге кіріс түсті. Қант өңдеу маусымы кезеңінде 500 адамды жұмыспен қамтыды. Олардың әрқайсысы ай сайын 60-90 мың теңге аралығында табыс тауып, тұрмыстарын түзеді.

Биыл қайта жаңғыртылған кәсіпорын қант қызылшасын өңдеу науқанына сақадай сай дайындық жүргізіп, шикі өнімді өңдеуге қызу кірісті. Алғашқы өнім Сарқан ауданына жеткізілді. Осыған орай кәсіпорын басшысы Алтынбек Абатовты әңгімеге тартып едік. Ол биылғы науқанға үлкен әзірлікпен келгендіктеріне тоқталды. Атап айтқанда, зауытты қайта жаңартуға 800 миллион теңге қаржы бөлінген. Үш цех жаңартылды. Жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілді. Мының бәрі еңбек құлшынысын тудырып отыр. Өнімді еңбек етуге қолайлы жағдай жеткілікті. Тек ынта керек. Өткен жылы кәсіпорын 1500 тонна шикі өнімді өңдеген көрінеді. Биылғы меже әдеуір жоғары. Зауыттың жаңартылуына орай күніне 200 тонна өнімді өңдеуге толық мүмкіндік бар.

Межелі тапсырмалар үдесінен шығуға жекеленген қызылша өсірушілердің қосып отырған үлесі де қомақты. Елбасымыз Жетісу өңіріне биылғы іссапарында Ескелді ауданындағы «Нам Г.Н.» шаруа қожалығындағы егістік алқабында болып, жұмыс барысымен танысқан еді. Бұл шаруа қожалығы 75 мың гектар алқыпқа ауылшаруашылығы дақылдарын егеді. Оның 25 гектары қант қызылшасы егістігі. Дақылдың жайқалып өсіп, түбірлерінің салмақтары жақсы екенін ризалық білдірген Елбасы: «Мен бұдан екі жыл бұрын қант қызылшасы егістігінің көлемін арттыруды талап еткен едім. Облыста ауқымды жұмыс атқарылып жатқан көрінеді. Қызылшашыларға нақты көмек көрсетіліп, табыстары молайыпты. Жарайсындар, әрдайым осылай жұмыс істей беріңдер» деген ризашылық сөзі қызылшашыларды жігерлендіре түскені анық.

Алақол ауданындағы шаруашылықтар 5 мың 500 гектар алқапқа тәтті түбір дақылы өсіріп отыр. Оның 60 гектары Қанатхан Нүсіпов жетекшілік ететін қызылшашылардың үлесіне тиесілі. Олар да гектар түсімділігін арттыруды нысағаға алып, жұмыла еңбек етуде. Алғашқы жиналған алқаптың әр гектарынан 350-400 центнерге дейін тәтті түбір өнімі қазылуда. Табыстарын ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту етпекші.

Жүгері дақылының да көлемін ұлғайту жөнінде Елбасы арнайы берген тапсырмасы бар. Былтыр жүгеріні кентіріп, үгітіп дайындайтын екі қыраманда 27 мың тонна өнім өңделіп, тұтынушыларға жіберілген.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев облыстағы қызылша алқаптарын аралағаннан кейін: «Жетісу өңірі, біріншіден, қант қызылшасын көптеп өсіретін өңір. Екіншіден, жүгері өсіруге маңызды аймақтың бірі. Үшіншіден, бау-бақша, алма өсірудегең арқалайтын жүгі де айрықша. Соның бәрінің Алматы облысында көптеп өсіріліп жатқанына шынайы ризамын» деп қорытындылаған еді сөзін. Мемлекет басшысының осы сөзімен жігерленген жетісулық қызылша өсірушілер өздеріне берілген тапсырмаларды тиянақты орындауға жұмыла кірісіп, еңбек қарқынын одан әрі еселей түсуге білек сыбана кірісіп жатыр.

«ҚАЗАҚҚОЙ» ЕТ ӨНДЕУ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жетісу жеріне келген сайын мал өнімдерін ұқсатып өңдеу арқылы тұтынушыларға ұсынуды талап етіп, нақты міндеттер қойып келеді. Сондай тапсырманың бірі ретінде биылғы қыркүйек айында Жетусу өңіріне іссапармен келгенде былай деді: «Етке жарамды майдың бәрі жекешенің қолында. Оны сатып алып, зауытқа тапсыруды ойластырып жатқан ешкім жоқ. Соның есебінен жұмыс істеп тұрған зауыттарды шикі затпен толық қамтамасыз етуді тапсырамын. Біздегі ет-сүт комбинаттарының бәрі 30-40 пайыздық қуатпен жұмыс істейді. Шикізат жетіспейді. Сондықтан шаруа қожалықтары мал басын көбейтіп, семіртуді қолға алса, ақшасын беріп, сатып алуды ғана ойластыру керек. Осындай жұмысты тиімді жолмен жүргізу қажет».

Шаруаға зер сала қараған Елбасының бұл сөзі де келешекте атқарылатын

ауқымды міндетті нақтылай түскені анық. Осыған орай ет өндіру бағытындағы

шаралар мен мүмкіндіктерді ойластыру жағы дереу қарастырылды. Шындығында, қой өсіруді қолға алған шаруа қожалықтары малын қайда өткізерін білмей базар маңын жағалайтын. Ендігі жерде бұл мәселеде өз шешімін табатын болғандығы қуанытып отыр. Елбасының ет өндіру жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыруға ұмтылған тұста, «Іздегенге сұраған» дегендей, қолайлы мүмкіндік табыла кеткендей болды. Жетісуға келген германиялық «Бауманн ГмбХ» компаниясының президенті Райне Бауманн Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы БАТАЛОВПЕН кездесуі кезінде ет өндіру тұрғысында кеңінен кеңескен әңгіме-дүкен құрылып, күрделі мәселе жан-жақты талқыланды. Германиялық компания президенті Райне Бауманн қой етін қайта өңдеуге қызығушылық танытып отырғандығын баяндады. Оның себебін ата-бабалары қой өсірумен шұғылданған көрінеді. Сонымен бірге қой етіне деген сұраныс Кеңестік кезеңде қой санын елу миллионға жеткіземіз деп ұран көтерген қазақ халқы да қой етін жоғары бағалайды. Соған қарамастан өңірде қой етін өңдеумен шұғылданатын арнайы кешенді нысана жоқтың қасы. Оның үстіне Жетісу жерінің өнеркәсіптік өнімдерді таратуға да қолайты. Тоғыз жолдық торабына жақын. Тасымалға еш қиындық тудырмайды. . Осындай тарихи деректер мен қолайлы мүмкіндіктерге сүйене отырып, арнайы қой етін өңдеу кешенінің құрылысын Алматы облысында салуды ұйғарған себептерін түсіндере келіп, германдық кәсіпкерлер жобаны «Қазаққой» деп атағандықтарын ұсынып, өздері әзірлеген бизнес жоспарымен таныстырды.

Бүгінгі күні жобасы жасалып, келісуге ұсынылған кешен құрылысы салынып, пайдалануға берілгенде, тәулігіне үш мың бас немесе айына 66 мың қой етін өңдейтін қауқарлы кешенге айналатын болады. Жетісу өңірінен қой етін өңдейтін кешен еуропалық заманауи технология жүйесіне негізделіп жасалған. Ұсынысты өңір басшысы Амандық БАТАЛОВ та мақұлдап, бұл жобаның мал шаруашылығымен шұғылданатындар үшін өте тиімді болатына назар аударды.

Құрметті қоңақтарға Жетісу өңірі Елбасы туған өлке екендігімен таныстыра келіп, Германия елінен келген инвесторларға Үкімет тарапынан қолдау көрсетілетініне сендірді.

КӨП САЛАЛЫ ЖАҢА АУРУХАНА

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында әрбір адамның денсаулығын нығайтып, оны барынша қорғауға толық жағдай жасалуда. Мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп, «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын орындау мақсатында көптеген игілікті істер жүзеге асырылып жатыр. Соның және бір айқын айғағы жер жәннаты Жетісудың жүрегіне айналған Талдықорған қаласында ғимаратының жалпы аумағы 33885,6 шаршы метрді құрайтын көп салалы аурухана жақында ғана келушілерге есігін айқара ашты. Бұл аурухана 300 төсек-орнына арналған. Оның құрылысына республикалық қордан 9371 миллион теңге, оның ішінде жергілікті бюджеттен 1 887 теңге бөлініп, қомақты қаржы толық игерілген. Көп салалы емдеу орыны заманауи талаптарға сай қажетті медициналық құралдармен, атап айтқанда кейбір медициналық құрылғылары еліміздің санаулы мекемелерінде ғана қолданыла бастаған жетілдірілген жаңа техникалармен жабдықталған. Халыққа қызмет ететін 676 кадрлық бірлік жұмыс істейді. Оның 143-і кәсіби білікті маман дәрігерлер. Кең әрі заманаи үлгіде салынған емдеу орталығындағы электр жүйесімен жұмыс істейтін анытамалық бөлімі толығымен компьютермен қамтамасыз етілген.

Жаңа аурухананың халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған бағдарламаны қалай жүзеге асырып жатқанын Жетісуға арнайы іссапармен келген Елбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаев та аралап көріп, өзі тарапынан берілген тапсырмаларды тияқатың орындауға жұмылы кіріскен шипагерлер ұжымына мінсіз жұмыс істеу арқылы халық құрметіне бөлене берулеріне тілек білдірді.

ШАҒАР ШЫРАЙЫ

«Шығысында Отанның гүлге оранған» Талдықорған шаһары күні кеше ғана – яғни облыс орталығы аустырылған сонау жылдарда түнекке тұншыққан қала бүгінде күнәске құлшынған шұғылалы шаһар. Келбеті тіптен жап-жаңа түрге енген. Көшелер түбегейлі түрленген, аландары құлпырған гүлдермен көрікті түрге енген. Олай болатын да жөні бар. Тек соңғы екі жылдың өзінде Жетісудың кіндік қаласының бас жоспары қайтадан жасалып, құрылыс нысандары қарқынды жүргізілгеніне қуә болып отырмыз. Атап айтқанда, қала аймағында 280 нысан бой көтеріп, халық игілігіне пайдалануға берілген. Қаратал өзенінің батыс жағалауы тұрғын үйлер мен қатар Тіл сарайы, Достық үйі, Назарбаев зияткерлік мектебі, оның жатақханасы шаһарды шырайландырып, сәулетін сәндендіріп, абатты бақтармен ажарландыра түскені анық.

Шаһардың оңтүстік-батысында соңғы бір жылда бой көтерген нысандар да қиасп жоқ. Бәрі сәнді. Көкпен таласып тұрған нысандар. Айталық, Алматы-Өскемен күрежолының бойындағы Талдықорғанға кіреберісіндегі аспан түстес әйнегі алтын күн нұрымен шағылыса жарқыраған он екі қабатты қоңақүй құрылысы бітіп, салтанатпен кілтін тапсыруда іспін жатыр. «Өңірлерді дамыту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 29,7 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Бұған қосымша «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы 4.4 мың шаршы метр, «Самурық-Қазына» акционерлік қоғамы 170.6 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысын толығымен аяқтап, тұрғындарға кілтін табыстау салтанатын өткізді.

Биылғы жылы тағы да 544.1 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысын салып, пайдалануға беру жағы қарастырылып отыр. Бұл мақсатқа биыл 4 млрд 376 миллион теңге бөлінген. Ол игеріліп жатыр. Құрылыштар қызу жүргізілуде. Соның нәтижесінде ағымдағы жылдың өткен сегіз айында 865,3 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілді. «Бәйтерек» девелопмент акционерлік қоғамы арқылы Қазақстан ипотекалық компаниясы АҚ желісімен «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасына сәйкес Талдықорғанның оңтүстік-батыс аймағында 18,1 мың шаршы метр көлемін құрайтын бес тұрғын үй құрылысы аяқталуға жақын қалды. Жалпы алғанда соңғы төрт-бес жылда 21 тұрғын үй құрылысы салынып, 1411 пәтер кілгі тұрғындарға табыс етілді. Қазіргі кезде 825 пәтерді құрайтын жеті үй құрылысы салынып жатыр. Жетісу өңірінде биыл тоғыз жаңа мектеп салынып пайдалануға тапсырылды. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша биылғы жылы Ұлттық қор есебінен 27 мектеп, 3 балабақша құрылысына 24 млрд. 272 миллион теңге бөлініп, ол игерілуде.

Халыққа қызмет ететін оқушылар Сарайы заманауи талаптар үрдісіне сай салынғандығына жасөспірімдер қуанып жүр. Сондай-ақ, жалпы аумағы 116 мың шаршы метрге жуық саябақты көрсеніз, кірсе шыққысыз етіп салынған. Бүгінгі заман талабына сай салынған саябақ жұртшылықтың көңілді дем алатын орнына айналған. Тянь-Шань шыршасы мен қарағайлар отырғызылып, сазды әуенді орындап тұратын әнші субұрқақты қызықтаушылар тіптен көп. Ақиық ақын Мұқағали Мұқатаевтың жаңадан қойылған еңселі ескерткішіне келгендер төңірегінің қызыл-жасыл құлпырған гүлдермен көмкеріліп, мұңтаздай

тазалығына көңілі тояттайтындай етіп абаттандырылуы көргендерді бірден сүйсіндеретін болса, ақындардың жыр оқып шабаттануына қанат бітіретіндігіне риясыз сенесіз. «Қыз бен жігіт» монументі, шығын сәулет нысандары, балалар кафесі жұмыс істейді.

Сонау нарық қыспаққа алған кезде жарытпаған еді жарық. Қазір өндірісте де, үйлерде де электр жарығына ел-жұрт қарық. Көшелерде шырағандар жанып тұр. Тұрғын үйлерде ыстық су да, суық су да ағып тұр. «Жетісу» коммуналдық базарында нәрі бар тағамдардың бәрі бар. Оған барғандар дархан дастарқан ажарын да табады. Көкеңіс өнімдері көл-көсір. Қалауынды ал, кең көсіл. Өркендетіп өз кәсібін, молайтып ел нәсібін, қарамай жаңбыр-дауылға, ырыс-құтын төгіп жатқан ауылға, ел-жұрт риза еңбеккер қауымға.

БІЛІКТІ ДЕ ІСКЕР БАСШЫ

Талдықорған қаласының өзгеріп, түрленгеніне куә болып, айшықты көшелер мен жаңадан салынған ғимараттар, «Жастар саябағы», Қаратал өзенінің жағалауында салынған демалыс орны, тағы басқа да құрылысы жүргізіліп жатқан нысандар көз жауын алатындығын Елбасыны да атап өтіп, Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың іскерлігі мен біліктілігіне риза екендігін білдірген-ді. Облыс басшысының Елбасымыздың жылы лебізін естуі тек осы жолы ғана емес, Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жаңа Жолдауын халыққа жариялаған кезде де, дағдарыс тығырығынан шығудың қаржылық тәсілдерін шешудің тиімді жолдарын іздестірудегі Амандық Ғаббасұлы БАТАЛОВ басқарған Алматы облысының экономикалық бағыттар бойынша іркілссіз ілгеріге қарай қарқынды өркендеп, жақсы бастамалардың ойдағыдай жүзеге асырылып жатқанын Елбасының өзі үлкен жиында ерекше атап көрсетіп, жетісулықтарды қуанышқа кенелтіп, жаңа бастамаларды жүзеге асыруға деген құлшынысын одан сайын үстемелей түскен болатын. Биылғы қыркүйек айындағы Жетісу жеріне іссапарында да өндірістік бағдарламалармен бірге әлеуметтік міндеттемелерді толығымен орындауда іркіліс болмағандығы үшін Елбасының Талдықарған қаласын көркейтуге күш-жігерін жұмсап келе жатқан Жетісу өңірінің іскер басшысы Амандық Ғаббасұлы БАТАЛОВТЫң еңбегін жоғары бағалап, ризашылығына бөленген еді.

Бізде өңір басшысы Амандық Ғаббасұлының халық игілігі үшін атқарып жатқан жасампаздық істерін құптап, мақұлдаумен бірге, рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болуды мұрат тұтқан жетісулықтарды Елбасымыздың жарқын өмірдің жасампаздығына жету жолындағы мемлекеттік бағдарламалары мен тапсырмаларын жүзеге асыруда жаңа асуларға бастай беруіне ниеттестік пен тілкетесгімізді білдіре отырып, төмендегі жолдарын арнаймыз.

Жиында үлкен аталып бар жақсымыз, Елбасынан алғыс алып басшымыз, Өлкемізді өркендету жолында, Іскерлікпен іс тетігін таптыңыз.

Өрісі кең ерелі істі құптаймыз, Ел іргесін одан әрі нықтаймыз. Білгірлікпен атқарылса жобалар, Дағдарыстың сынағынан ықпаймыз.

Жетісуға басшылыққа келгелі, Абыройың асқақтады, өрледі. Іс білетін маман екен білімді, Парасатты жөн білетін ер деді

Жобаларды іске асырып салмақты, Ұлан істер атқарылды жан-жақты, Серуен құрып дем алсын деп адамдар, Бақ жасадың жайқалдырып тал-бақты.

Өнегені үйреніп сен өмірден, Шығып жүрсің ұнамды іспен көңілден. Елдің даққын асқақтатар игі іс көп, Шығып жатыр ғарышкер де өңірден.

Жаңалық көп Жетісудың жерінде, Күш-қуатын аямайды елің де. Егістен де, жемістен де алға озып, Ие болдың зор мақтанаш сенімге.

Жарасады биік ұшу қыранға, Құлшынады оған қарап ұлан да. Өрелінің ойы жетер алысқа, Азаматсыз тартып туған Туранға!

Елбасы да істе Сізді сынады, Жемісті ісің, жеңісті ісің ұнады. Бұл бақыттың басқа қонған құсы ғой, Қошеметтің мәңгі болғай жыр-әні!

Талдықорған гүлге оранып құлпырған, Тұрғын үйлер көкке қарай ұмтылған. Берекенің мерекесін көргенде Жаңуяның ордасындай нұр тұнған.

Түзей жүріп кейбір жұмыс олқысын, Игілікті еңбек етіп ел үшін, Шапағатты жақсылықпен ырза етіп, Қамқорлықпен соза білдің қол ұшын.

Жетісудің терең біліп сырларын, Көкірекке жаттай жүріп жырларын, Жаннат жерде өткізуде бір бақыт, Парасатты кісіліктің жылдарын.

Екі айтпай, өз сөзінде тұрады ер, Заңғар ойлы кісілікті ұғады ел. Ел сенімін еңбегіңмен ақтай бер, Жарыстарда байге алдынан шыға бер.

Қазіргі шақ -- толысқан шақ кемелің, Өз халқыңа әлі де көп берерің. Найзағайдай жарқыл қағып өр тұлғаң, Арта берсін абыройың, беделің!

Ойың сергек әрі зерек зейінің, Даладай кең шапағатты пейілің. Гүлдендірдің Талдықорған шаһарын, Шауқ шашып күн нурындай мейірің.

Маңдай тердің дәмін татып жемістің, Реттедің қыбын тауып кем істің. «Нұрлы жолдың» даңғылымен алға асып, Бігігінен көріне бер Жеңістің!

Шатыр тігіп жатқандай бір ақ бұлттан, Тұрғын үйдің кілтін алып аптыққан, Отбасылар айтып шексіз алғысын, Қуанып жүр жүрек жарды шаттықтан.

Тәуелсіздік туын ұстап қолыңа, Бастай бергін нұрлы өмір жолына. Тілегіміз, тірегіміз тек біреу – Құт дарысын Мәңгілік Ел тағына!

Әлі ЫСҚАБАЙ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алматы облысының Құрметті азаматы.

КӨКТЕМ КЕЛІП ҚҰЛАҒЫМА СЫР АЙТАТЫН...

БАҚЫТ

Бақытты шақ – балалық кезім екен,
Өмір деген – мұңдарға төзу екен.
Жүрегіңе иманды ұялатып,
Бақыт деген бір Хақты сезу екен.

Алланы сүй, саған сый қайтарады,
Сонда ғана көңілің жай табады.
Көркем мінез танытсаң – бақыттысың,
Өмірің де гүл болып жайқалады.

Иманыңмен түсірсең санаға шам,
Байқалады нығметтер арада сан.
Адамзатты сүйе біл жүрегіңмен,
Бақытыңды егер шын бағаласаң.

Тұнық сақта жүректің бұлағын сен,
Басқа тебу бақытты-күнә білсең.
Жаратқанның нәсібі бұйырады,
Желкеніңді Аллаға бұра білсең.

Адамзатқа ойланар уақыт бүгін,
Екі дүние бақытын татыпты кім?
«Тәубе» деген адамдар шын бақытты,
Мұсылманның әр күні бақытты күн!

ТУҒАН ЕЛІМ

Анық басып жүрсем де жұрт алдында,
Намысыңды туған ел,
жырта алдым ба?
Аманаты халқымның-бабаларым,
Бар сенім мен үмітім-ұрпағымда !

Туған елім,
Көрсеттің құрметіңді,
Өтей алар ма екенмін міндетімді?
Көңілімде көк байрақ желбіреуде,
Қыран болып сүйсем бе күн бетіңді?!

Жаппар ием!
Ризамын,
бас ұрылды,
Алшысынан түсірдің асығымды.
Туған елім,анамдай аялаймын,
Мен сүйемін тәуелсіз ғасырымды!

Иә,сүйем,
сүйемін,
тағы сүйем,
Жүрмін әзір өмірдің ағысымен.
Қызғалдақтай құлпырар
қыздарым бар,
Ұлым ертең сүйінер «барысымен».

Туған елім –

мәңгілік берік шынар,
Туған халқым өзіңе серік, сыңар.
Топырағың болсам, ел, арманым жоқ,
Өзегінен тіршілік өніп шығар...

ХАТ

Сен жанымда болмасаң да,
біргеміз,
Бір жүргенде ажырамас іргеміз.
Саған алғаш сөз айтқандай толқымын,
хат арқылы сөйлескенде күнде біз.

Өшкенімді жандырғандай хаттарың,
Әр сөзіңді көңілімде жаттадым.
Жылағаннан артық екен күлгенім,
жоғалтқаннан көп болыпты тапқаным.

Сезімім бар тамшы болып таматын,
Сені күтіп таусылғандай тағатым.
Саған ұшып жетсем бе екен құс болып,
бірақ, әттең...
жоқ қой менің қанатым.



Бұл әлемге сенсіз қалай сиям мен,
Тіршілікте бақыттымын ұяммен.
Дәл жаныңда болмасам да тап қазір,
біз біргеміз көңіл құсы – қиялмен.

Хаттарыммен сағынышым жарысқан,
Ішім – алаң...
сыртым дүрдей арыстан.
Сүйген жүрек соғады екен сағаттай,
жан-жарыңды іздегенде алыстан!

АНАЛАР

Домалақ пен Ұлпандардай баяғы,
Аналар ғой тіршіліктің баяны.
Алыстасақ армандардай аңсатқан,
Аналардың алақаны-ай аялы!

Сақтайды оны әрбір перзент, ер есте,
Біз оларсыз шыға алмаймыз белеске.
Әр жүректе гүл алқабын өсірген,
Аналардың мейірімі емес пе?

Олар барда қайғы баспас еңсені,
Әр ұл мен қыз – аналардың бөлшегі.
Аналар ғой сұлулықтың нақ өзі,
Ана емес пе шыдам, төзім өлшемі?

Жүректерде көктем орнап, жайласын,
Көңілдерге құстар қонып, сайрасын.
Апалардың әжім түспей бетіне,
Аналардың жанарлары жайнасын!

Қаһарлы қыс көңілдерді мұңайтты,
Көктем келіп құлағыма сыр айтты.

Сен тілімнің ең бір биік шыңысың,
Ал мұраң ше?
– Баға жетпес ырысым.
Өлмегенсің,рухыңменен тірісің,
Көркем сөздің сәулесісің,
нұрысың.

Қыран болып қалықтайсың көгімнен,
Жанарыңнан тазалығың көрінген.
Қаламыңнан жұпар иіс аңқыған,
Ал жүзіңнен иман нұры төгілген.

Сен,Ор-аға!
Қазағымның сертісің,
Сөз – әлемнің шахарысың,кентісің.
Сені оқысам көңіліме көктем кеп,
Бұқтырмамен толыққандай Ертісім.

Сені оқысам «Мұзтаудағы» Ақтаның,
Жеңер,бәлкім Алтай жақтың ақпаның.
«Қар қызы» мен «Мынау аппақ дүние»,
«Құм мінезі» мамығындай мақтаның.

Ор-ағамыз!
Сені өлді деп айта алман,
Мұраң гүлдей жадыраған,жайқалған.
Жаның көктем,
көңілің жаз,
тұлғаң тау,
Сөзің жібек,
Ел үшін сен майталман!

ШЫҒЫСЫМ

Көңілімде бір мұным бар шөкімдей,
Бала кезді кім еске алмас өкінбей?
Семей жақтан басталатын арманым
Қос жағаны жалғап тұрған көпірдей.

Шығыс жаққа сезім – өзен жиі ақты,
Шар суынан құйдым бойға ұятты.
Бірде жылдам, бірде баяу бұл өмір
Ертіс болып ағып жатқан сияқты.

Шығысым бар Алтай таудың кеніндей,
Әр ағашым бір сыпайы келіндей.
Жаным терең, тұнық Зайсан көліндей,
Мінезім бар Қалбатаудың желіндей.

Шәкәрім мен Мұхтардайын талай дүр,
Шығыс жақтан тарап еді арай, нұр.
Жүрегімнің ортасында Өскемен,
Өскеменнің дәл төрінде Абай тұр.

Шығысымнан бұлақ болып басталғам,
Қуаныштан тамшыдай пәк жас тамған.
Күншығыстан атқан таңмен таласып,
Періштелер түсіп жатыр аспаннан.



Саят ҚАМШЫҒЕР

Шығыс жақтан арайла таң, күн сөнбе,
Туған жерде бақытты өмір сүрсем бе?
Шығыс жақтың ауа-райын аңдаймын,
Арман қала – Алматыда жүрсем де!

СЕН КЕТКЕЛІ...

Сен кеткелі құлазуда көңілім,
Жүрегіңмен тоқтағандай өмірім.
Қайғы-мұңға жан дүнием жаншылды,
Ал, сырт көзге күдірейген бөрімін.

Сен кеткелі көтермедім басымды,
Енді менің кім сүртеді жасымды?
Бұл дүниеде қайдан сені табамын,
«Құлыным» деп кім
сипайды шашымды?!

Сен кеткелі кеудем толды өксікке,
Теңіздерім айналғандай көлшікке.
Асыл анам кірмейінше жұмаққа,
Алла, менің көңілімді көншітпе!

Сен кеткелі өкпем қысып, тарылды,
Ажал менің әкетіпті «барымды».
Опыр-топыр, бір жеміс те қалдырмай,
Біреулер кеп тонағандай бағымды.

Сен кеткелі ой сан саққа бөлінді,
Ұлың да енді көп ойлайды өлімді.
Тағдыр мені бір бұрышқа тастады,
Сығып-сығып шығарғандай сөлімді.

Сен кеткелі жүрем босқа сабылып,
Әкем кетіп, өзің боп ең бар үміт.
Енді мені шығарып сап көзімен,
Келерімді кім күтеді сарылып?

Сен кеткелі есеңгіреп аспаным,
Теректер де көтермей тұр бастарын.
Бар кезінде қадырыңды білдік пе,
Өмір деген осылайша,
қас-қағым...

АРҒЫ АЙТАЛАМ

Жаратқан жаратқан ба – пенде қонақ,
Өмір неге біреу-ақ мәңгі сұрақ.
Деген бе жалғас табар келер ұрпақ,
Бір өмірді сүрудің өзі сынақ.

Атадан алғыс алған есті ұрпақ,
Дейді халық - тегіне жалғас жұрнақ.
Өткенге тағзым еткен ұлық болмақ,
Ескермес ұрпақ өзін кім санамақ.

Халқынан, ел салтынан жүрсе аулақ,
Ескермес ұрпақ кімнен тәлім алмақ.
Қарны тоқ, рухани азығы жоқ,
Құлқынның құлы болмақ - ұмыт қалмақ.

Жүргендер бар өткенге мойын бұрмай,
Сүргендер бар бір бастың қамын ойлай,
Жанға тисе жайсыз жай, жанын қимай,
Тобасына таянар-сақта Құдай.

Қамқоршы әке барда, қамсыз жүрген,
Түс көрген екен пенде, жанға тиген.
Құғын көрген түсінде - үрей күйде,
Безіпті бас сауғалап жапан түзде.

Көрінген-ді алдында жасақ жандар,
Көнеден қару-жарақ асынғандар.
Түрі бар безген жанға пана болар,
Тұрғандай қорғаны боп арғы аталар.

Өмір сүргім келеді, өмір сүргім,
Депті пенде, келеді еркін жүргім.
Е, Құдайым қорғай гөр, есіркегін,
Қолдай көргін, дем бергін ата-тегім.

Әкеге айтып түсін атқан таңда,
Сұрапты мәні-жәйін жорамалда.
Ей, балам- депті әке, мәні мұнда,
Тағзым ет аталарға, дұға жолда.

Жүрмесе арғы аталар көк жүзінде,
Кімдер екен көрінген сол түсінде.
Көрінген қараларын алып еске,
Өткенге ой салғаның сол емеспе.

Орындар бар киелі қорымдар бар,
Тағзым жасар ниетің орындарлар.

Шықты пенде ақ жолға әке қолдап,
Оралды аталарға дұға жолдап.

Не күш екен пендеге сезім берген,
Аталар жатқан жерге жетелеген.
Аруақ үні ме екен көк жүзінен,
Тілеген дұға - құран тірілерден.

Болған ғой, болған қайран арғы аталар,
Өмірлері өнеге қара шалдар.
Ұлы дала мекені - жері байтақ,
Көшіп-қонған, тіршілік қамын ойлап.

Мал-жаны ұрпақ қамы жанға азық,
Қазақ екен көреген көсем халық.
Қаны таза ұрпағы-дені таза,
Жыр еткен шежіресін еске алып.

Баба болған, данышпан дана болған,
Батыр болған, ақиық ақын болған.
Қарапайым жан болған қара шалдар,
Баршасы кейінгіге арғы аталар.

Ұрпақ көрген аталар көрмегенін,
Кейінгі ұрпақ сүрген-сүрмегенін.

Ұрпақ өсіп ілесіп ғасырлармен,
Иеленген аталар ақ мекенін.

Ата салты – дәстүрлі арғы атадан,
Құда-жекжат ағайын сан ғасырдан.
Қыз берген, қыз алысқан жеті атадан,
Құдалығы мың жылдық баяғыдан.

Тілеген жүз жыл ғұмыр күйеулерге,
Аталар да күйеу болған біреулерге,
Өз жұртына қамқоршы қара шалдар,
Нағашы жұрты болған жиендерге.

Көнеден сөз төркіні мәнді келген,
Әзіл-шыны шынайы мәнін берген.
Бір кемпірді бір кемпір «қыз-ау»-десе,
Қара шалды қайын жұрт «күйеу»-деген.

«Әкенің жақсылығы жездедей-ақ»,
Деген бар, дегендер бар некен-саяқ.
Әкенің аты әке үрім-бұтақ,
Атасы арғы атадан қалған ұрпақ.

Көреген көз көнеден арғы аталар,
Айтқандары аманат - ақ баталар.



Тілегені тыныштық тірлік екен,
Құт-берекет, бақ-дәулет – бірлік деген.

Айтылған, айтылмаған сырлары бар,
Жазылған, жазылмаған жырлары бар.
Ел аузынан жазылар аңызы бар,
Сан ғасырда сарқылмас қазыналар.

Аталар айтар сөзін айтып кеткен,
Кейінгіге өнеге, үлгі еткен.
Аталы сөз санаға сәуле сепкен,
Ғасырдан, ғасыр асып бізге жеткен.

Парызың бар өткенге көңіл бөлер,
Өтелінсе жан-тәнің жеңілденер.
Өтер өмір, қыл көпір өткелі бір,
Өткенде әрбір пенде есеп берер.

Ой жүгіртпей өткенге жүрген кейде,
Көрген күнін өмір деп сүрген пенде.
Күні жете кетерін ескергенде,
Бет бұрар бұл өмірден өткендерге.

Өмірді жалған дейді дәмін татқан,
Үлесін мол қармаған ебін тапқан.
Күні келе келмеске кетер пенде,
Дүние жалған дей ме қимастықтан.

Кей пенде жер бетінде күні біткен,
Бақилық кетерінде үміт еткен.
Бұйыртса аз да болса сүрсем деген,
Өмірдің қызығына тоймай өткен.

Ақырғы жол мәңгілік соңғы сапар,
Мәңгілік жолмен өткен арғы аталар.
Күні келе күндердің бір күнінде,
Ақырғы жол әркімге бір түбінде.

Шежіренді бастасаң жеті атадан,
Болмасын арғы аталар ұмыт қалған.
Кім болған арғы аталар өзің ойлан,
Жақсы ұрпақ, жаралдың өзің қайдан.

Арғы аталар әрдайым аталынса,
Баршасына дұға бір бағышталса.
Барлығы да аруақ – атаң қазақ,
Оңды болмас кейбірі ұмыт қалса.

Арғы аталар болмаса, жақсылардан,
Жақсы ұрпақ жаралдық біздер қайдан...

Мәңгілік ел» шығармашылық конкурсына

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН

Республика баспасөзінің дамуында қолтаңбасы қалған, кейін сталиндік қуғын сүргіннің жазықсыз құрбаны болған Төлепкерей Бисұлтанұлы Өтеулиевтың есімі құрметпен аталады. Ол 1889 жылы Орал губерниесі Жымпиты уезіндегі (қазіргі Сырым Датұлы) ауданындағы Тұздықөл болысы, №4 ауылда кедей отбасында дүниеге келеді, алайда ата-анасынан ерте айырылып жетімдіктің ащы дәмін татуға мәжбүр болады. Қайырымды жандар 12 жастағы Төлепкерейді Матшенскі біржылдық училищесіне оқуға береді. Оқуды бітірген жас алдымен 2 жылдық Илецкі училищесіне түседі, бірақ сондағы 2 жылдық педагогикалық училищеге ауысып 1910 жылы аяқтайды. Ағайындарынан қамқорсыз қалған Төлепкерей оқудан қол үзбей бір үзім нан табу үшін еңбекке араласады, Фокин атты байдың ұн тартатын диірменінде жұмыс істейді. Училищені бітіргеннен кейін Торғай облысында 1910-1914 жылдары ауыл мектебінде мұғалім болып еңбек етеді. Туған жерге деген ыстық ықыласы оны 1914 жылдың күзінде Жымпиты 2 жылдық училищесіне оқытушылыққа алып келеді. «Жымпитыда Алашорда үкіметі орнағаннан кейін қаржы болмағандықтан біздің мектеп жабылды. Көп ұзамай мен жергілікті еріктілер отрядына қабылдандым, бірақ солшыл саяси көзқарасыма сенімсіздік білдірген Досмұхамедов одан босатты. Сөйтіп күнкөрістің жолын іздеп мектепте бірге оқыған Асанов деген досымның шақыруымен Алашорда армиясы қатарына жұмысқа тұрып, әу-баста регистратор, кейін есепші қызметін атқардым», - деп жазады Т.Б. Өтеулиев өзінің өмірбаянында [ҚР ПМ 141-қ., 16-т., 2492-іс, 3-п.].

Жымпитыны Қызыл Армия тазартқаннан кейін 1919 жылы 18 қаңтарда Төлепкерей Бисұлтанұлы Революциялық комитетке жұмысқа тұрып, алғашқыда есепші, көп ұзамай уездік қаржы бөлімінің бастығы болады. Т.Б.Өтеулиевтың ендігі өмірі мен қызметі қазақ халқының болашағы үшін коммунистік партиямен және кеңес үкіметінің жаңа қоғам орнату жолындағы күресімен ұштасады. 1919 жылдың күзінде уезкомның шешімімен акказактарға қарсы отряд командирлігіне тағайындалып, Ащысай аймағындағы майданға шайқаста жауынгерлерін жеңіске бастайды. Партияның тапсырмасын орындаудағы еңбегі жоғары бағаланып 6 айлық Мәскеу қаласындағы Свердлов атындағы университетте маркстік білімін жетілдіруге мүмкіндік алады. Курсты үздік бітірген жасқа зор сенім көрсетіліп Шығыс Еңбекшілері университетінің үгітшілер бөліміне ауыстырылады. Саяси білімі жоғары, әрі Қызыл Армияның сапында ұрыс даласынан тәжірибесі бар Т.Б.Өтеулиевті жоғары басшылар Мәскеудегі ерекше отряд құрамына тартады, сөйтіп ол ел тыныштығын сақтауға кіріседі, солардың сапында Кронштадт оқиғасына қатысады.

1921 жылы 1 мамырда Жымпитыға еңбек демалысына келген Төлепкерей уездегі бандыларға қарсы шайқасқа кіріседі, сөйтіп Мәскеуге оралу арманы жүзеге аспай қалады. Уездік комитетте алдымен насихат бөлімінің меңгерушісі, кейін 15 қыркүйектен бастап хатшылыққа сайланады. Бұл қызметті 1923 жылдың наурызының басына дейін атқарады. РКП(б) Орал губерниелік комитетінің хатшысы ж.Никитиннің Т.Б.Өтеулиевтың партиялық қызметіне берген мінездемесінде мынандай жолдар бар: «Уездік комитет хатшысы ретінде партия жұмысында практикалық іс-тәжірибесі мол. Барлық жұмысты ерекше ынтымен атқарады. Өзі таңдаған партия қызметкерлеріне шебер жетекші. Маркстік біліммен жеткілікті қаруланған, Свердлов атындағы университетті аяқтаған. Әр істің теориялық және практикалық ұйытқысы. Уездік деңгейден төмен жұмысқа пайдалануға болмайды». Газеттерге қазақ тілінде тұрақты мақала жазып отырады. Саяси ұстамды, өзге топтарға қосылу ниеті болған емес. Жігерлі. Қабылдаған шешімдерге ұстамды. Айтылған сын-ескертпелерді мойындайды, әрі оны жоюдың жолдарын табады. Ұйымдастырушылық және әкімшілік басқару қабілеттілігі жоғары» [ҚР ПМ 141-қ., 16-т., 2492-іс, 1-п.].

1923 жылы наурыз айының басында РКП(б) Гурьев уездік хатшылығына тағайындалып, бұл жұмысты 1924 жылдың қыркүйегіне дейін атқарады. Азамат соғысында қираған кәсіпшіліктерді қалпына келтіріп, халық шаруашылығын өркендету ісін тездетуге бел шеше кіріседі. Гурьевте мұнай, балық кәсіпшілігін дамытуға қоғамдық ұйымдардың күшін жұмылдырады. Ауылдардағы Қосшы одағының жұмысын жандандырып, еңбекшілердің сауатын ашу, денсаулығын жақсарту, оқу үйлерінің жұмысын күшейтуге басшылық жасайды. Сол жылдардағы уездік комитеттің бюро мәжілістері хаттамаларында Гурьевтің саяси және шаруашылық өмірінің ең маңызды мәселелері талқыланғанын мұрағат құжаттарынан анық көресің. Халықты отырықшылыққа үйретуде, жаңа экономикалық саясаттың уезде толық жүзеге асуына шешімді шаралар қабылдайды.

Іскер басшы Т.Б.Өтеулиевтің уездегі еңбекшілердің саяси белсенділігін



көтеріп, оларды жаңа қоғамды орнату жолында мерзімді баспасөздің ерекше рөліне арқа сүйеді. Сөйтіп, кезінде Жымпитыда жарық көрген «Ерік» газетінің баспаханасындағы араб әріптерін өзімен бірге ала келеді. 1923 жылы 3 наурыз күнгі болған РКП(б) Гурьев уездік комитетінің №11 бюросы мәжілісі төмендегідей қаулы қабылдайды:

Тыңдалды: 3. «Трудовая Правда» газетіне редактор тағайындау және қазақ тілінде газет шығару.

Қаулы етеді: Екі газетке редакторлық ету С.Мәмбетовке жүктелсін, қазақ тіліндегі газетке «Ерік» атауы берілсін және техникалық редактор табу міндеттелсін.

Уездік партия комитетінің хатшысы Т.Өтеулиев» деп қол қояды [АОММ 3-қ., 1-т., 156-іс, 5-п.].

Газеттің қазақ тіліндегі алғашқы санын шығару үлкен қиыншылықтармен жүріп жатты. Қазақша әріптер әзірлеу және оны теретін мамандарды табу, газетке мазмұнды материалдар іздеп табудың барлығы С.Мәмбетовке жүктелді. Алайда 1923 жылы 1 сәуір күні жарық көрген тұңғыш ана тіліндегі «Ерік» газетіне редактор ретінде қол қою оның маңдайына жазылмады. Күндіз-түні тыным таппай еңбек еткендіктен денсаулығы сыр береді. Көктем айында білінетін созылмалы өкпе дерті онан сайын қатты асқынып кетіп, кейін оның төсекте жатып емделуіне тура келеді. Сөйтіп, 1923 жылы 29 наурыз күні өткен Гурьев уездік партия ұйымы бюросының № 13 мәжілісі төмендегідей мазмұнда қаулы қабылдайды:

«1. С.Мәмбетовтың денсаулығына байланысты берген арызы қанағаттандырылып, ол кез келген жұмыстан босатылсын.

а) Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушілігіне уақытша ж.Сахаров, ал оның орнына ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы ж.Григорьев тағайындалсын.

б) «Трудовая Правда» мен «Ерік» газеттеріне жауапты редакторлық ету Т.Өтеулиевке міндеттелсін» [БҚОММ 37-қ., 2-т., 2751-іс, 29-п.].

Т.Б.Өтеулиевтың редакторлығымен өлкемізде тұңғыш ана тіліндегі «Ерік» (қазіргі «Атырау» – Қ.С.) газеті 1923 жылдың 1 сәуірінде 500 данамен жарық көріп, оқырмандарға тегін таратылады. Газеттің алғашқы санындағы «Тірлік осымен табылады» деген басмақаланы уезком хатшысы Т.Б.Өтеулиев жазып, басылымның ұстанымын былайша баяндайды: «Әркімге мағлұм, қазақ халқы өнер-білімнен құр қалған надан. Патша заманындағы оған өнер-білім үйретіп, қатарға кіргізейін деген хұкметтің де, басқалардың да ниеті болған жоқ. Неғұрлым надан қалдырып, Руссиядағы жалмауыздарға жем қылып қоюға қарай саясат тұтынды. Патша хұкмітінің өзге саясатын былай қойып, школ жайын алайық. Патша хұкметі қазақ ортасына школдар салып, бала оқытты. Қазақтар балаларымыз оқып жүр деп мәз болып жүрді. Патша хұкметі қазақтың баласы надан қалар, ағартайын деп оқытқан жоқ. Қазақтың жастарын орысша оқытып, уақ шенуіңітер шығарып, жалбина беріп еліктіріп, өздерінің кім екендіктерін ұмыттырып, есінен шығарып, қазақты жүндеуге қол қабыс қылып алуға оқытты. Ал, школдарда болса қазақша оқыттырмады, бірен-саран шығарса, оны бақташыларына бақтырып қойды.

Кеңестер хұкметі өз тілінде школ аш, газет-журнал шығар, кітап-құрал шығар, мәкәма түзе деп бұйрық шығарып шашты. Ол әлі орнына келтірілген жоқ. ...Тірлік осымен табылады. Әйтпесе жер үстінде саған орын жоқ. Т.Өтеулиев» [Қорқысов Б. Жылнама «Еріктен» басталады. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2003. – 105 б., (8-9 б.)].

Уездік партия ұйымының жетекшілігінде жүрген Төлепкерей

Бисұлтанұлы қазақ тіліндегі «Ерік» газетінің қалыптасуына да уақыт таба білді. Газеттің босатылған қызметкері болмауы себепті, басылымды уақтылы шығару, таралымын төмендетпеу, мақала ұйымдастыру ісіне басшылық жасап отырды. Уездік партия және атқару комитеттерінің жауапты қызметкерлері Сейдмұхамед Мәмбетов, Шамсон Типеев, Ажығали Сұлтанғалиев, Ғатау Махамбетовтерді газет жұмысына тартты. 1924 жыл 27 сәуірде өткен РКП (б) Гурьев уездік комитетінің бюро мәжілісіне төрағалық жасаған Т.Өтеулиев мәжілісте «Ерік» газетінің 1.03-26.04 аралығындағы сандарында жарық көрген материалдарды талқылай келе, газет жұмысының сапасын жақсарту үшін Орал губерниелік партия комитетінен 1 редактор және 1 әдеби қызметкер сұрауға шешім қабылдаған [БҚОММ 1-қ., 1-т., 1245-іс, 3-п.].

1924-1925 жылдары аралығында жоғары партия басшылары Т.Б.Өтеулиевты Орал қалалық партия ұйымында ұйымдастыру бөліміне нұсқаушы, есеп-қаржы бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылы Семейдегі губерниелік партия ұйымының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылдың желтоқсанынан 1927 жылдың 23 наурызына дейін Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1927 жылдың 20 сәуірінде Қызылордаға Қазақ Өлкелік партия комитетіне нұсқаушылыққа, 1928 жыл 7 мамыры мен 1929 жылдың 26 қаңтары аралығында Ойыл аудандық партия комитетінің жауапты хатшылығына тағайындайды.

Міне, осы тұста Төлепкерейдің «Кіші октябрьдің» көсемі Ф.И.Голощекиннің саясатына қарсы көзқарасы қалыптасады. Ел арасында жүргізген әкімшілік теріс саясаттың, қазақ зиялыларының көшбасшыларын қудалаудың нәтижесінде жазықсыз жандар түрмеге қамалды, НКВД құрсауында отырды. Т.Б.Өтеулиевтың Адай округтік партия комитетінің жауапты хатшысы болып жүрген кезінде 1929 жыл 26 қаңтарында Ф.И.Голощекинге жазған хатынан үзінді келтіре кетсек орынды: «Құпия. Құрметті Филипп Исаевич! Мен бұл хат арқылы Сізге азғана шағым айтқалы отырмын. Өзіңізге жақсы белгілі болғандай, осы уақытқа дейін Адайда күлерлік нәрселелер көптеп етек алды. Қазір барлық карта ойыны ашылды және барлық ұйым аяусыз тексерілуге алынууда. Активтің бәрі түгелге жақын топқа бөлініп, қылмысты болды. Бір бөлігі қылмысқа тартылды, бір бөлігі тергелуде, бір бөлігі тұтқындалды және тағысын тағылар. Сонымен біз армиясыз генерал сияқты болып қалдық... Сізге тағы да өтініш жасаймын. Совет қоғамдық жұмысын басқаруды қамтамасыз ететін адамдармен бізді қолдап жіберсеңіз екен» [МОММ 2-қ., 1-т., 162-іс, 1-2- п.п.]. Бұл хаттың мазмұны оған қатты тигені соншалық Т.Б. Өтеулиевты бұл қызметтен бастуға мәжбүр болады. Хаттың сырында жоғарғы басшылардың солақай саясатының пайда болған Адай жеріндегі озбырлық, ретсіздіктің кесірінен халықтың арасында қатты толқу туғаны айқын аңғарылады. Шындығында, Форт-Александровскіден Адай округінің орталығын Гурьевтен де асырып, Ақтөбеге таяу Ойылға көшіргеннен үкімет ешқандай пайда таппай, халықты босқынға ұшыратты. Шындықты айтқандары тергеліп, жер ауды немесе атылып кетті. Белгілі журналист Саламат Хайдарұлы саяси қуғын-сүргіндерге арнап жазған «Қанды асу» атты кітабында мынандай жолдар бар: «Жасыратыны жоқ, олар саяси басшылардың әсіресе, голощекиннің асыра сілтеуіне қарсы шықты. Шамадан тыс алым-салық салу, елді жаппай отырықшыландыру, еріксіз күшпен ұжымдастыру, халықтың ой-пікірімен санаспай Адай округінің орталығын Ойылға орналастыру сияқты әміршілдік-әкімшілік саясатқа қарсы тұрды. Тұнып тұрған басқа өнеркәсібі жоқ, судың тапшылығынан егін шаруашылығымен айналысудың да жай-күйі тапшылығынан тек қана малға қараған халықтың берекеті кете бастады. Еңселерін жұт басып, басын әлі көтере алмаған ел босқынға ұшырады» [Хайдарұлы С. Қанды асу. – Алматы: «Өлке» баспасы. – 1997. – 164 б., (26 б.)].

Т.Б.Өтеулиевтың ендігі тағдыры қиыншылыққа толы болды. 1930 жылы Атбасар түсті металл тресінде басқарма бастығы, Степняктегі алтын мыс тресінде директор, 1930 жылы 20 қаңтарынан Петропавловск округтік прокуроры қызметіне тағайындалады. Бірақ оны бұл лауазымдарда көп тұрақтатпайды, сол жылы «Каззолото» тресі басқарушысының орынбасарлығын өмірінің соңына дейін атқарады.

Қазақ халқының болашағына шын берілген, саяси сауатты Төлепкерей Бисұлтанұлының Алашорда мемлекетінің армиясындағы қызметі және Адай округтік партия комитетіндегі хатшылық кезіндегі саяси ұстанымдары үшін сталиндік зобалаңға тап болады. Оны бір түнде тұтқынға алып, соңында Фатима атты әйелі және үш баласы қылап-сықтап қала береді. «Жапонияның агент», «алашордашыл халық жауы», «Жалау Мыңбаев, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожановтардың «құйыршығы» көздеген мақсаты – Қазақстан партия ұйымын большевиктер партиясының құрамынан бөліп әкету, кеңес қоғамына іріткі салу» деген айыппен 1938 жылы 8 наурыз күні атылады.

Бар ғұмырын халқымыздың оқу-ағарту ісіне, оның ішінде баспасөз ісіне арнаған абзал азаматтың тағдыры осылай аяқталады.

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
*тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.*

ТАУАҒАП

(Педагог, журналист, мемлекеттік қызметкер, марқұм ӘБУТӘЛІ УАПОВ туралы естелік)

Бұл ат жақты, сары өңді ағамыз ұзын бойын тік ұстап, аяқтарын түзу келісті сала, аудандық партия комитетінің екі қатарлы ғимаратына бет түзеп, ертелетіп баратын. Ол жүріп келе жатқанда қолдарын сәнді қимылда ұстайтын. Сөзі де жайлы, күлкісі де өзіне жарасатын. Әбутәлі Уапов ағамыздың көз қарасының өзі адамды сырласуға тартып тұратын.

Әбекеңді 1971 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданына қарасты Сарытоғай орта мектебінің сегізінші класында оқып жүргенімде бірінші көруім. Ол сол жылы жиырма алты жастағы жігіт екен. Әбутәлі ағамыздың көрші Балықшы ауданынан жоғарыда аталған мектепке тарих пәні бойынша мұғалімдік қызметке ауысып келген кезі екен. Айта кеткен абзал, Балықшы өңірі сексенінші жылдардың орта тұсынан асар-аспас уақытқа шейін Гурьев (қазіргі Атырау) қаласының Каспий теңізі жағы бетінен орын алған аудан болды, кейін таратылды.

Ағамыз көп кешікпеді, көзімізге ілікпей кетті. Баламыз ғой, ол қайда деп те сұрамадық. Оны кейін біліп жатырмыз. Әбекең, Махамбет аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланып, сол жұмысқа ауысқан екен.

Қазіргі аудандық «Жайық шұғыласы» газеті ол кезде «Малды өңір» деп аталатын. Сол газеттің фототілшісі Қанез Мұқтаров ағамыз мені әскерден оралу сәтімдегі жолда кезіктіріп, үйіме алып келген. Салған жерден газетпен байланысым барын білетін Қанез ағамыз мені келесі күні аудандық газетке жетелеп, (ол кезде газет басшысын «бас редактор» демеуші) редактор марқұм Қырықбай Бекбаев ағамыздың алдына алып барды. Мен газеттің «Еңбекші бұқара хаттарымен жұмыс» деп аталатын бөлімге әдеби қызметкер болып жұмысқа тұрдым. Танымал журналист, ақын, газеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Жомарт Шегеев қайтыс болып, сол бөлімде әдеби қызметкер болып қызмет атқарып келген құрдасым Құттыкерей Смадияров бөлім меңгерушілігіне тағайындалған екен. Мен Қүтекеңнің орнына жұмысқа алыныппын. Мені екі үш айға хат қорытын, тілін сындырсын, төселсін деп хаттар бөліміне отырғызды.

Алғашқы күні осы бөлімнің меңгерушісі Әбутәлі Уапов бойынщ



ұзындығымен әріптестерінің тас төбесінен қарайтын, жылы шырайлы отыздағы жас жігіт, орнынан қопарыла тұрып, ұзын саусақты дәу қолын созып амандасып, жанында тұрған бос жазу столына отырғызды. Ол менің болашақтағы жұмыс орным болды. Айтайын дегенім Әбутәлі Уапов ағамызбен етене танысуым аудандық газеттен басталды.

Ол кездерде аудандық газеттер аудандық партия комитеті мен халық депутаттары аудандық Кеңесі атқару комитетінің органы болатын, әрі жұмасына үш рет шығарылатын. Сол тұстарда аудандық газетте журналистер немесе шығармашылық салада марқұм Қырықбай Бекбаев редактор, Бағыт Көшірбаев баспахана директоры, газетте әдеби қызметкер, кейін ұзақ жылдар редактордың, бас редактордың орынбасары, Қанез Мұқтаров фотожурналист, Құттыкерей Смадияров ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, қазірде республикалық «Мұнайлы астана» газетінің бас редакторы, марқұм, ақын Қабижан Сағиев, редактордың орынбасары, Жолдас Дүсіпов бөлім меңгеруші, техникалық қызмет саласында Зина Абдирова іс-жүргізуші, қағаз басушы, Сәуле Бисенғалиева корректор болып қызметтер жасады.

Газеттің аптасына шығатын үш нөмірінің біріне міндетті түрде «Хат ізімен», «Хаттарға жауап», «Еңбекші хаттары» деген сияқты рубрикамен іздеуге келетін хаттар жарияланып тұратын. Сол тұстардағы газеттер төрт бет болып басылатын. Газеттің төртінші бетін толтыру Еңбекші хаттар бөлімінің меңгерушісі Әбутәлі Уаповқа жүктелетін. Жоғарыда атағанымыздай «Хат ізімен» рубрикасымен Әбутәлі ағамыздың көлемді мақалалары жиі жарияланып тұратын.

Қасында отырам. Ағамыздың қолы қаламнан сәл босай қалған сәтінде байырғының адамдарынша газет тәжірибелерінен әңгімелер шертетін, ақыл-кеңестерін айтатын. Ол айтатын: «жазуға бейім, шешен сөйлейтіндер, өз ойын қағазға сауатты түсіре алатындардың бәрі бірдей газет қызметкері немесе журналист бола бермейді. Журналистика оқуын тауысқандар бар, байқаймын олардың біразы орта мектептің қабырғасынан газетпен байланыс жасап, кейін мектептен тікелей газет жұмысына келгендерден кемшін жатады. Бұл өнер өздігінен көп оқуды талап етеді, ол дәрігер де, педагог та, шопыр де, механизатор да, агроном да, зоотехник та, ветврач та, егінші, малсақ та, тігініш де болып жаза білуі керек», – дей келіп, қандай әдеби кітаптарды тауып, оқу қажеттігін айтатын. Сөз арасында айта кеткен абзал, осындай ағалардың ақыл-кеңесінен жүргізілген ізденістер өз жолдардың авторына Алматы Жоғары Партия Мектебіне тыңдаушы болып қабылдануына жол ашты.

Әбутәлі ағамыздың жазу үстелінде отырғанда да бойшаңдығы байқалып тұратын. Сол бойын үстел үстінде де тік ұстап, қағазға өз ойын ұзақты күн тапжылмай түсіре беретін. 1974 жылдан бастап аудандық газетте еңбек еткен ағамыз артыныша Қазақстан Компартиясы Махамбет аудандық комитетіне нұсқаушы болып жұмысқа ауысып кетті.

Ол қамал бұзар жас шағында көз жұмды. Аудандық партия комитетінің

басшылары болған, облысқа, ауданға танымал қадірлі азаматтар: Болат Майдыров, Сақыпжамал Орынғалиева, Қуаныш Сиранов бастаған аудан активтерінің аудан айнасы «Жайық шұғыласы» газетіне берген қаралы көңіл айтуына сөз берелік: «1985 жылы 16 қыркүйегі күні Қазақстан Компартиясы Махамбет аудандық комитетінің бұрынғы жауапты қызметкері, 1968 жылдан КПСС мүшесі, Әбутәлі Уапов ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін қырық бір жасқа қараған шағында қайтыс болды.

Әбутәлі Уапов 1945 жылы 15 июнде Гурьев (Атырау) облысы, Новобогат (Исатай) ауданының Тұщықұдық селолық Советінде туған.

Ол 1961 жылы онжылдықты бітіргеннен кейін Новобогат (Исатай) ауданындағы Чапаев атындағы совхозда жұмысшы болып еңбек жолын бастады. 1962-1964 жылдары Гурьев (Атырау) педагогикалық (қазіргі Х.Досмағамбетов атындағы университет) институтының студенті болып жүргенде Совет Армиясының қатарына шақырылады. Отан алдындағы азаматтық бoryшыын өтегеннен кейін оқуын жалғастырып, 1969 жылы жоғарыда аталған институтты бітіріп, тарихшы мамандығын алды. Ол еңбектен қол үзбей жүріп, Орынбор (Ресей) қаласындағы Бүкілодақтық заң институтын оқып бітіреді.

Ә.Уапов 1969-1971 жылдары Балықшы ауданындағы (жоғарыда айтылды, қазір бұл аудан жоқ) №7 және Махамбет ауданының Сарытоғай орта мектептерінде мұғалім болды. Ол 1971-1974 жылдары Махамбет аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, 1974-1978 жылдары аудандық «Жайық шұғыласы» газетінің бөлім меңгерушісі, ал 1978 жылдың қаңтарынан 1984 жылдың қарашасына дейін Махамбет аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, жалпы бөлім, сосын ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарып, денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шықты.

Ә.Уапов ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысты. Ол Қазақстан Компартиясы Махамбет аудандық комитетінің мүшесі, халық депутаттары аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол тапсырылған қандай ма жұмыс болмасын ерекше ұқыптылықпен, жоғары жауапкершілікпен атқаратын принципшіл коммунист, өзіне де өзгеге де талап қойғыс іскер азамат еді. Қарапайым да қайырымды адамдарға деген жылы жүректі азамат Әбутәлі Уаповты жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде әрқашан сақталады», – дейді.

Шығыс данагөй Мұхамұд Қашқари: «Жақсы адамның сүйегі құрағанмен аты қалар»,- дегендей, өзінің дүниеден озғанына отыз бес жылдың көзі ауса да көріп қалған, істес болған інілерін сағындыртып, есімін аяуызына алдыртып, өзін естеріне түсіртіп жатқанына қарағанда марқұм Әбутәлі Уапов ағамыз жайлы әлі де жақсы әңгімелер жазылады деген ойдамыз.

«Орны бар түзелер» демекші, жетегеміз Табиға екеуінің шырағанынан екі қыз, бір ұл тарады. Қыздары Айнуыр мен Айзада қадірлі шаңырақтардың шырақшысы болып, отбасы мерейін тасытып жүрсе, ұлы Айбек қара шаңырақ бақанын мықтап ұстаған, асыл анасын мөлелей жүріп, әке мұратын жалғастырып келеді. Педагогика саласының маманы Табиға жеңесеміз үш немересінің сүйкімді әжесі, оларға қызықты ертегі айтады...

Марат САБЫРҒАЛИЕВ,
*Атырау облысы, Махамбет
аудандық мәслихатының бас маманы.*

(Соңы. Басы өткен сандарда)

АРСАЛАҢ КҮЛКІ ЖӘНЕ...

Қандай адамдар арсалаңдап күледі? Алаңғасарлар? Жо-о-қ! Арсалаңдаған күлкі бала мінезді және кім қандай бұйымтай айтса да қалбалақтап жүгіре жөнелетін, жан-дүниесі аппақ адамдарға тән қасиет деседі. Біз білетіндерден жасы алдысқа келіп қалған сықақшы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Еркін Жаппасұлының күлкісі «точно» сондай күлкі.

Мәтінінде «Сендер аман болыңдар, жақсы адамдар» деген жолдар кездесетін әнебір әдемі әнді тыңдаған сайын, не альбом қарағанда тағы да Еркін және оның түйедей құрдасы, ғалым-ұстаз Шәріп Кенжебаев арсалаңдап көз алдыма жүгіріп келеді.

Бір көпшілік жиналған жерде біреу ту сыртымнан қапсыра құшақтап, тырп еткізбей қойды. «Бү қайсың, әй?» десем үндемейді. «Бұқайсыңайды» келесі қайталағанымда арт жағымдағы бет-ауыз арсалаңдап қарсы алдыма келді. Карасам – Еркін.

– Ассалаумағалейкум?
– Ай, арсалаңбай, сенбісің? Құшағың тұқымымды құрттып жібере жаздады ғой.

Қашан көрсек онын осы жайдары қалпы, осы арсалаңы. Мұндай арсалаңдаған күлкіге мен өзім түсіністікпен қараймын. Ақкөңіл, жасы кішілер өзімсініп, алдыңғы толқын ағаларына арсалаңдап еркелеп жатса, онда тұрған не бар?

Мұқанбет – Шәріп Кенжебаев Ақтөбе облысындағы Ырғыз ауданының тумасы. Қазіргі тұрағы – Алматы. Аузын ашса – жүрегі көрінетін кәдімгі ақкөңіл бір арсалаң осы азамат. Сыйласпыз. Біздің үйдегі жеңгесі кейде оны Қожанасыр атайды. Қалжыңы емес, расы.

Жетпіс бес жасымның тұсында Ақтөбе жақ қол бұлғады. Бір дастарқан басында Шәріп: «Осындай бір хабар құлағыма тиді, аға. Бару ойыңызды болса, менің де жолым түсіп қалар», – деді. Ештеме дегенім жоқ, ішімнен «көңілі –тә» дедім де қойдым.

Ақтөбе. 22.12.210 жыл. Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармония. Кездесу кешінің тақырыбы: «Сырымды айтайыншы». Жүргізуші – ақын Мейірхан Ақдәулетұлы. Сахнаның бір жағында – жүргізуші екеуміз. Өнерпаздар сахнада өнер көрсетіп, тілек білдірушілер кезектесіп мінбеге көтеріліп жатты. Сауал-сұрақтар ауызша, жазбаша. Тілек айтам деушілердің тілдей хаттары жүргізушінің алдында жиналып қалды. Уақытқа кіріптарлық салдарынан біраз тілдей хаттар үнсіз қалды.

Үзіліс. Сахнадан залға қарай беттей бергенімізде, көптің ішінен бізге қарай арсалаңдап күліп Шәріп келе жатты.

– Өй, Шәріптісің? Өңіміз бе, түсіміз бе?
Самолетпен ұшып келіпті. Сөз сұрап жүргізушіге хат жолдапты. О жақ-бұ жағымыздан келіп, амаңдық сұрасқан таныстардың ортасында тұрғанымызда біз Шәріптен көз жазып қалдық. Мейрамхананың мекен-жайын құлағына салған сияқты едік, бірақ онда барғанымызда көрінбеді. «Дұрыс түсіндірмедік пе, бұ қалай болды?». Келесі күні «осы біледі-ау» деген бірер таныстармен хабарласып көріп-ек, Алматыға қайтып кеткенін естіп білдік. Өкпелеп қалды-ау деп қатты ыңғайсыздандық. Алматыға келгеннен кейін мен телефон шалдым. Кешірім сұрамасам да, соған жақындатып мен әңгіме бастай беріп-ем, ол: «Ой, аға, қысылмаңыздар, кінә өзімнен. Мейрамхананың атын дұрыс түсінбеппін», – деді.

– Ай, жүрегіңнен айналайын «Қожанасыр»!
Уақыт, қаражат мүмкіншілігі бар болса, бар шығар. Бар болғанымен, ондай ірілік, ондай ақ бояу кез келгеннің көйлегінен көріне бере ме?... Болмашыға бола ауыздарынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, әңгіме-қаңқу борататындардың талайын, бұртпаған ауыз, қыржым-тыржым маңдайлардың неше түрін естіп, көріп жүрміз ғой.

...Бұрттытып ауызын жүр өкпе, Маза жоқ байғұс жүректе. Ашудың қолы мылтықта, Сөйлейді не деп шүріппе?!

Біер күн бері, арысы – Уақыт, қаражат мүмкіншілігі бар болса, бар шығар. Бозарып, жүдеп қалады, Көңілдің қарыны қабысып. Бес-он күн бері, арысы – Хабарсыз қалса танысым, Іркіліп, тоқтап қалады, Жүгірген зыр-зыр бар ісім.

Шамамен бір ай арасы – Жым-жырт боп қалды танысым. Сарт та-сұрт жүрек қақпасы (Басылды ах, ох, дәрі ішіп!).

Жүгірсін бойда бар ісім, Жүгірсін бойда қан ысып – Сарт еткіз қолды иыққа «Әй, черт» деп күліп танысым...

Еркін, Шәріптердің арсалаңдаған күлкісі өткен-кеткен көп жайды еске салады. «Сен қайдан жүрсің, ай?», «Сен қашан келіп қалдың, ай?» деп, сырт жағыңнан келсе шекеңнен шертіп, иығыңнан қағатын, алдыңғы жағыңнан келсе арсалаңдап құшағын ашатын қатарымыз сиреп қалды!

Көшеде, жол үстінде кездейсоқ кездесіп қалғанда: «Амансың ба? Аууыл-ел аман? Балдар аман? Аман болсаңдар болар», – деп, шұбырта жөнелетін қайсыбіреулердің «амандық-саулығынан» тұла бойы аппақ арсалаңдаған күлкінің жылуына жететін жылу бар ма?

Асқарбек нағашы әжесінің айқара ашылған құшағына арсалаңдап күліп кіріп кетті. Әжесінің дауысында діріл... «Ж...а...ным-ау, жарығым-ау кішкентай, қаладан қашан келдің? Қарның ашқан жоқ па?» – Сағыныштың дауысы, сағыныштың көз жасы. Ал «Ойбай, мына жаман жиен қайдан жүр». Құлаққа қалай естілді? «Ж...а...ным», «жарығым» ше? Қай қайсысы да арсалаңдаған күлкінің туындысы.

Қазір қайсыбір жасы кішілер ыржыңдап келіп құшақтап, бетіңе бетін тигізіп, сүйген сияқты дыбыс шығарады. Арсалаңдаған күлкіде ондай өтірік, ондай жалған-жасандылық бар ма?

Жан-дүниелері аппақ бір жылдың төлдері және өкшелестер: Арасанбай Естен (18.12.1953ж.), Серік Байхонов (13.05.1953ж.), Нұрман Жылқышев (03.05.1953ж.), Темірхан Момбекұлы (27.12.1953ж.), Қорғанбек Аманжолов (08.11.1953ж.), Еркін Жаппасұлы (06.06.1954ж.), Берік Садыр (28.06.1954ж.), Ұлықбек Есдәулет (29.03.1954ж.), Нұртас Исабаев (13.11.1954ж.), Толымбек Әлімбек (18.03.1954ж.), Талғат Айтбайұлы (19.05.1954ж.) т.б. қаламдас інілерім, құдай сендердің арсалаңдаған күлкілеріңді көпсіңбесін, аппақ көйлектерің кірлемесін. «Аппақ ойлау» деп аталатын мына бір өлең шумақтарын өздеріңе қаратып оқимын.

...Күллі әлемнің көз алдында, көз алдында гүрілдеп, Сөйле, сөйле, ақ бет бояу, ақиқаттың тілінде.

АЛТЫНОРДАЛЫҚ АҚТӨБЕ - ЛАЗӘТИ ҚАЛАСЫ



Батыс Қазақстан аймағында қала мен елді мекендердің дамуына табиғаты қолайсыз және экономикалық- әлеуметтік жағдай жоқ, деген көзқарас қалыптасқан еді. Соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей аймақта ондаған қалалар мен елдімекендер бар екені анықталды. Соның бірі –Ақтөбе - Лазти қалашығы. Зерттеулер көрсеткендей, бұл қала орта ғасырда әлеуметік-саяси орны бар, ірі қалалардың бірі болған. Алтын Орда кезеңінде Ұлы Жібек жолында жатқан, Европа мен Азияны байланыстырған керуен жолының маңызды тармағында орналасқан қаланың маңызы зор болды. Транзиттік сауданың арқасында қала жылдам өркендеп дамыды. Бірде-бір керуен қалаға соқпай кетпейтін болды. Сонымен бірге қалада қол өнеркәсібі дамып, өз тауарларын саудагерлерге саудалады. Қала қазынасы толып, жаңа кәсіптік кварталдар салынды. Жаңа кварталдар жеке кәсіпке бейімделген өндірістік цехтарға бірікті. Қыш көзешілер, темір шеберлері, зергерлік бұйымдар жасау, қыш кірпіш құю цехтары өз өнімдерін жергілікті және сыртқы нарыққа шығарып отырды. Сонымен бірге қала атауының шығуы туралы әртүрлі жорамалдар бар.

Ортағасырлық Алтын Орда қаласы Атырау қаласының солтүстік шығысында Томарлы ауылынан 2 км., шығыста Ақтөбе деген дөңес жерде орналасқан. Көлемі: 200 х 80 метр, солтүстіктен оңтүстікке созылып жатыр. Мәдени қабатының қалыңдығы 15-60 см.. Жобасында қала көшелері мен ғимарат бөлалары айқын байқалады.

Қалашық ұзақ жылдар бойы Каспий теңізінің көтерілуіне байланысты су астында жатқандықтан мәдени қабаты жасы сақталған. Судың қайтуына байланысты ол құрғап, жылдам бұзыла бастаған. Қала үсті сүйектер мен қыш сынықтарына және темір сылақтарына толы. Оның үсті кейінгі ғасырда зиратқа айналған.

Қала туралы алғашқы деректі 1861 жылы Орал әскерінің сызба бөлімінің меңгерушісі штабс-капитан А.Е.Алексеев жазған. Ол: «В 8 верстах от города Гурьева на СВ. на левой стороне реки Урала есть возвышенность с признаками построек, которую я осматривал, и нашел такую же битую посуду, как и в Сарайль-Джадид, медные деньги тоже похожи. Кроме этого тут множество человеческих костей и разных животных. Киргизы рассказываюут, будто бы это был портовой монгольский город, и однажды, сделавшись сильным прилив морской воды, которая затопила все окрестности, кроме этой возвышенности, поэтому сюда собралось множество народа со скотом. Но так как это наводнение продолжалось очень долго, то погибли люди и скот. И поэтому на том месте так много костей».

Егер, 1 верст - 1,066 км. тең болса онда қала орны мен бағыты А.Е.Алексеев жазбасына сәйкес келеді.

1862 жылы Атырау маңындағы Каспий теңізін зерттеген Паллас, оның (1769ж.) уақыттан бергі тартылуын белгілейтін картасын жасады. Аталған картада (1862ж. карта) Жайықтың сол жағалауындағы құрылыстар құландысы бар Ақтөбе деп аталатын жер көрсетілген. Құландының бір-біріне жақын жатқан екі жері және көлемі сопақша және үш бұрыш тәрізді көрсетілген. Бұл қазіргі Ақтөбе құландысы орны болып тұр.

XIX ғасыр ІІ жартысында (карта Стрельбицкого) жасалған картада Атыраудың солтүстік шығыс бөлігінде (1870ж. карта) Ақтөбе қаласының құландысы көрсетілген.

Ал, аңыздар мен жыр-эпостарда «Ақтөбе» мекені туралы деректер жиі кездеседі. Соған қарағанда Ақтөбе қаласы ерте кезден белгілі болған.

Аңыз бойынша Асан Қайғы Еділден бері көшкенде бірнеше жүз адаммен Жүй өзені өңіріне мекен салып он жыл отырған. Ол туралы жыршы Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906ж.) «Үш қиян» деген жыр толғауында кездестіреміз.

«Ақтөбе мен Қоғанша, Асанқайғы бабаның, Қызыл тастан ұй салдыры, Он жыл тұтас отырып, Әңгіме құрып кеткен жер...» - дейді.

Осындағы Ақтөбе қаласын Ақтөбе-Лазти қаласымен баламалауға болады. Батыс Қазақстан аймағында мұндай атаудағы басқа мекен жоқ. Мұнда Асанқайғы бабамыз отырып кетсе, онда қала XV ғасырда салынған

болады. Ал, Қорғанша қаласының орны белгілі, ол Ойыл өзенінің саласы Құройыл өзенінің бойында XV ғасырда салынған.

Москвалық археолог Лев Леонидович Галкин Ақтөбе қаласын XIV ғасырдағы итальяндық-генеуездік жол картасында көрсетілген қолжазбадағы «Лазти» атты қоныспен баламалайды.

«Лазти» атауының қазақша мағанасы түсініксіз. Лазти сөзі (laeti) француз және ағылшындарда кездеседі.Кейбір зерттеушілер Лазти атауын «лай» сөзінен шықан дейді. Су түбіне кеткен қала лай, батпаққа айналып осылай аталған дейді.

Олар парсыша: Лай, ылай. – Өзен суының тұнбасы, судың астындағы балшығы, батпақ деген сөз бар дейді.

Махмұт Қашқари: лай; қыш ыдыс жасайтын лай деп жазған. Қазақша лай сөзі: Лайсаң - Батпақ, Лайыту - Лайлану деген мағына берген.

«Лазти» сөзі көне түркі тілінде «ақ» деген мағына береді деген дерек бар. Сондықтан Лазтөбе қаласы – Лазти қаласы деп аталған дейді. Бірақ бұл атау әлі толық зерттелген емес. Сондықтан «Лазти» атауының мағанасы толық ашылған жоқ.

Қаланы алғаш өлкетанушы В.К.Афанасьев анықтаған. Ол өзінің қаламен алғашқы танысуы туралы былай деп еске түсіреді: «1950 жылдардың соңында Гурьев қаласындағы Геология институтының (КазНИГРИ) ғылыми қызметкері, байырғы мұнайшы Сапар Қарымсақов параққа машинамен терілген көшірме берді. Мұнда Соколокқа (Соколок ауыл және Жайықтың сол жақ қолтығы - өзек атауы) барар жолдың жартысында ағарған сүйектер басқан, үйдің қабырға іздері жақсы көрінетін қоныс бар, бұл қандай да бір «қалмақ қаласының» қалдықтары делінген. Бұл ресейлік ғалымның жазбалары тәрізді. Содан кейін Сапар Қарымсақов қыстың бір күнінде маған осы орынды көрсетті. Жаңа келген адамға бұл орынды табу қиын, өйткені алыстан қарағанда қоныс жер бетінен бөлініп көрінбейді.

Сол кезде мен Ақтөбедең оңтүстік шығыста 500 метрде орналасқан қорғанды таптым. Оның өне бойы алтынордалық керамикадан тұнып тұрды. Өкінішке қарай, бұл қорған соңынан маңында «Орбита» телестансасының құрылысын салған кезде жойылып кетті. Бірақ, біз қазірдің өзінде құрылысшылар қорғанды бұзған кезде жер бетіне шығып қалған ескі қорған қалдықтарын көреміз».

Содан кейін мен бұл орынды Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археологы М.С.Мерчиевке көрсеттім. Ол шлактардың молдығына назар аударып, бірнеше үлгіні алды. Біраз уақыттан кейін республикалық басылымдардың бірінде осы ескерткіш туралы хабарлама берілді. Ол бір-бірінен 400 м. қашықтықта орналасқан екі қоныс туралы жазады.

Л.Л.Галкин ойынша, екінші қоныс болмаған. М.С.Мерчиев қыш құмырашылар мен кірпіш дайындаушылар ауылын бөлек қоныс деп санаған дейді.

В.К.Афанасьев, бірақ, осы оң жақ жағалауда бақша шаруашылығы учаскесі болған, кейіннен қазақтардың қабыр қауымдары жерленген деп санайды.

1975 жылы «Археологические открытия» жылдық альманахында (КСРО баспасы) Л.Л.Галкин, В.К.Афанасьев және С.Бисеновтың «Батыс Қазақстандағы жұмыстар» атты мақаласы жарияланды. Мұнда Ақтөбе қонысындағы қазба жұмыстары туралы айтылды.

1977 жылы осы авторлар «Археологиялық ашылулар» альманахында осы қоныстағы қазба жұмыстарының жалғастырылуы туралы «Алтын Орда қаласы Лазти туралы зерттеу» атты хабарлама басылды. Л.Л.Галкиннің бірнеше мақаласы мен естеліктері жарияланды.

Қонысты жүйелі түрде қазу жұмыстарын Лев Леонидович Галкин бастаған КСРО ҒА Орта-Волга экспедициясы 1974 жылдардан бастап жүргізді. Археологиялық қазба жұмысы 1975, 1976, 1977 жылдары жалғасты. Сондай-ақ Волга – Урал археологиялық экспедициясы 1981, 1983 жылдары жалғастырды.

Ақтөбе - Лазти қаласы. Бөлмелер



1989-1991 жылдары қазба жұмыстарын З.Самашевтың Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізді.

Ортағасырлық Ақтөбе-Лазти қаласы – төменгі Еділден Орта Азияға апаратын керуен жолында XII-XIV ғғ. пайда болған Алтын Орданың қолөнершілік елді мекені. Табылған заттар сипаты қоныста металдан, шыныдан, темірден, сүйектен бұйымдар дайындайтын шеберханалар болғанын, зергерлік шеберханалар болғанын көрсетеді. Бұлар қоныс арқылы өтетін сауда керуендеріне қызмет көрсеткен.

Қала тек қолөнершілер қаласы ғана емес, керуендерге қызмет көрсетумен де айналысқан. Ол бас қала Сарайшықтан оңтүстікке қарай бір фарста (50 шақырымда) орналасқан.

Алтын Орда мемлекетінің маңызды функцияларының бірі – сауда делдалы болу және сауданы өз қарамағында ұстау, осы қызметтен кірістер алу функциясы болды. Ежелден сауда жолдарының торабы болып келген Каспий өңірінің географиялық орналасуы Сарайшық пен Ақтөбе-Лазти қалаларын ортағасырлық Шығыстың сауда процестеріне белсенді қатысушы қылды.

Қаланың мәдени қабатында көптеген бақыр тиындар табылған. Алтын Орданың өзара қырқысуынан кейін және Темірлан жорықтарынан кейін сауда жолдары біртіндеп құлдырай бастады.

Ақтөбе-Лазти қонысы Жайықтың тармақтарының бірі, ескі саға өзегінде орналасқан. Усадьбалық түрде жоспарланған көптеген алтынордалық қалалардан айырмашылығы – Ақтөбе-Лазти қаласы нақты жоспарланған. Қала жекелеген кварталдарға бөлінген. Зерттеу кезінде анықталғандай, кварталдар әртүрлі мамандық шеберлеріне тиесілі болған. Солардың ішінде зергерлер де болған, бұлар алтыннан жасалған жапсырма түйіндіктер, табақша тәрізді және сұрақ белгісі түріндегі сырғалар жасаған. Сондай-ақ сүйектен ою оятын шеберлер де болған.

Кварталда балық қабыршақтары мен балық сүйектері көптеп кездеседі, бұл жерде балықтың бекіре, қорытпа, қызыл балық сияқты бағалы тұқымдарынан өнімдер өңдеп дайындаған

Қаланың солтүстік шетіндегі үлкен кварталды мыс балқытушы қолөнершілер алып тұрған. Мұнда мыстан жүзік, білезік, ыдыс, айналар жасаған. Сонымен бірге бұл кварталда шыны пастасынан моншақ, алқа, білезік сияқты бұйымдар дайындаған. Қазба кезінде табылған әшекейлер осы жерде «көз» түріндегі шыны тұмарлар жасалғанын көрсетеді.

Қоныс XIV ғасырда Каспий теңізінің суы деңгейі көтерілуі нәтижесінде су астында қалды. Оны Жайық өзенінің тасыған сулары басып қалған.

Ақтөбе көне қаласы үлкен ғылыми-тарихи қызығушылық тудырады. Өйткені ол тұтас қолөнершілік кешен болып табылады. Оған жасалған қазба жұмыстар қоныстың пайда болуы, халқының этностық түрі туралы ақпарат береді. Ескерткіш деректері қоныстың XIII ғ. басынан XIV ғ. соңына дейін тіршілік еткенінен хабар береді. Қоныс Орта Азиядан Еділ бойына барар жолда Сарайшықтан бір күндік керуен жолында орналасқан.

Жалпы Каспий өңірінің алтынордалық қалаларының өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұлар шеттен келген моңғол тілді халықпен және жергілікті моңғол дәуіріне дейінгі түркі тілдес халықтың, жалпы көшпелі дәстүрдің ықпалымен қалыптасқан. Каспий өңірінің қалалық мәдениетінің архитектуралық-құрылыс ерекшеліктері бірнеше этномәдени құрамдар қатасыуы нәтижесінде қалыптасқан. Орта Азия халқы әкелген дағдылар жаңа қала мәдениетінің интеграциясында басым рөл алады. Бірақ қалалар тек сауда өнімін тұтынушы болып қана қоймады, олар өз өнімдерін де саудалады.

Каспий өңірінің қалалары континент арқылы өтетін сауда жолдары жүйесінде орталық орын алды. Бұлар еуропалық елдерді ортаазиялық өңірмен байланыстырды. Саудагерлер, дипломатиялық миссиялар және жай саяхатшылар өздерінің XIII-XIV ғасырларда Батыс пен Шығысты жалғайтын ұзақ сапарларында Ақтөбе-Лазти қаласына соқпай кетпейді. Қоныстың мәдени қабатында осында басқа елдерден әкелінген импорт заттардың көптеп табылуы кездейсоқ емес.

Тоқтамыс ханның басқаруы кезінде өңірдің саяси және экономикалық жағдайы біраз тұрақталды. Бұл қала өмірінің қалпына келуіне қолайлы ықпал етті.

Бірақ бұл процесс әмір Темірдің 1395 жылғы жойқын соғысынан кейін тоқтап қалды. Осыдан кейін Каспий өңіріндегі қалалар мен мекендердің азып-тозып, құлдырау процесі басталды.

Марат КАСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы

Р.С.: Татар нумизматигі Рева Р.Ю. 2006 жылы Саратов қаласынан табылған алтынордалық тиынды оқып, Күтлугкент қаласында соғылғанын анықтаған. Ол «Күтлугкент» қаласы Атырау жерінде дейді. «Күтлугкент 672 ж. х. дирхемі «Үйшік – Атырауда» қаласында соғылған деген. Ол, өкінішке қарай, Ақтөбе - Лазтиді қаласын білмейді. Оның Күтлугкент қаласы, Ақтөбе - Лазтиді қаласы болуы мүнкін.

ЖАҢА ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ҚАЗЫҒЫ ҚАҒЫЛДЫ



Талдықорған қаласында жаңа драма театрдың қазығы қағылды. 510 орынға арналған заманауи үлгідегі 3 қабатты мәдениет ошағы қаланың жаңадан бой көтеріп келе жатқан Оңтүстік-Батыс ауданында орналаспақ. Ғимараттың қағызын қағып, капсуласын салу рәсімін облыс әкімі Амандық Баталовпен бірге Қазақстанның халық әртістері, белгілі театр және кино актері Досқан Жолжақсынов, талантты режиссер Талғат Теменов, театр әртісі Алмахан Кенжебекова, сонымен қатар киноактер Әлімғазы Райымбек атқарды.

Жетісулық өнерсүйер қауымды айтулы оқиғамен құттықтаған облыс әкімі Амандық Баталов Елбасы Нұрсұлтын Әбішұлы Назарбаевтың өнерге деген зор қамқорлығының арқасында осы ғимаратты салуға қол жеткізіліп отырғанын атап өтті.

- Тәуелсіздіктің 25 жылдығында Талдықорғанның жаңа шағын ауданында құрылысы жүріп жатқан Салтанат сарайының, Көрме павильонының жанынан осы ғимараттарға сәулеттік жағынан үйлесімі мол жаңа драма театры да салынбақшы. Акустикасы, сахнасы, актерлер белмесі, театр ғимаратының өзіне ғана тән басқа да ерекшеліктерінің барлығы да ескеріліп, театр барлық параметрлерге сай, жоғары талғаммен жасалатын болады. Өнер қамқорлық жасағанда ғана өседі. Мәдениет пен өнеріміз өркендеп, өсе берсін, жаңа салынатын театр Жетісу халқының қуанышына қызмет етсін, - деді облыс әкімі А.Баталов.

Осындай ізгі тілектерін алыстан келген өнер тарландары да білдіріп, облыс халқының қуанышына ортақтасты. Досқан Жолжақсынов: «Дәрігер адамның тәнін емдесе, өнер адамның жанын емдейді. Сол өнердің ішінде театрдың орны ерекше. Бүгінгі жаңа театрдың құрылысын бастау рәсімі – мәдениет үшін аса іргелі оқиға. Осы қуаныштарымен Жетісу халқын, театр ұжымын шын жүректен құттықтаймын», - деді өз сөзінде.

- Қазақстанда жалпы саны 54 театр болса, соның 18-і жаңа театр деп есептеледі. Бірақ арнайы лайықтап салынған ғимаратта отырған театрлар некен-саяқ. Соның бірінің іргесі күн санап көркейіп, кейлі адам танымастай өзгеріп, өсіп келе жатқан Талдықорғанда қаланып жатқанына сіздермен бірге қуанып тұрмыз. Жаңа театрдан жаңа таланттар өсіп шығып, өнер ұжымы халықтың игілігіне жұмыс істей беруіне тілектеспін, - деді Талғат Теменов.

Б.Римова атындағы театрдың актері Алмахан Кенжебекова осыдан



41 жыл бұрын қазіргі театрға жас маман болып келгенін, енді тәжірибесі толысқан шақта жаңа театрда жұмыс істеу бақытына ие болатынын қуанышпен жеткізді.

Ә.Райымбеков ақсақалдың батасынан кейін салтанатты жағдайды театрдың капсуласы салынды.

Жалпы, театр құрылысының құны 4 млрд.-қа жуық теңге. Құрылыс жұмыстарын VI Group компаниясына қарасты «Өнеркәсіп құрылыс» ЖШС жүргізеді. Ғимараттың жалпы ауданы 10 538 шаршы метр. Құрылыстың аяқталу мерзімі 2018 жылдың маусым айына жоспарланып отыр.

ЖАҢАРҒАН, ЖАСАРҒАН АТЫРАУ

Ақ Жайықтың жағасы, кәрі Каспийдің сағасындағы осы бір сәулетті мен дәулетті жарасқан қаланың Бейбарыс сұлтан, Исатай-Махамбет, Саламат Мұқашев және Махамбет атындағы облыстық қазақ драма театры алаңдарында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы, спорты мен мәдениет саласының өркендеуі жан-жақты көрініс тапты.



Мереке байдарка мен каноэда ескек есу спорттық жарысынан бастау алып, бұқаралық спорт-жеңіл атлетикалық кросс пен велоспоруға ұласқан мерекенің ең бір әсерлі тұсы – Мұнай тербелмесінің ашылу салтанаты болды. Шараға шаһар басшысы Серік ШӘПКЕНОВ, ардагер мұнайшылар, қала жұртшылығы қатысты. Бұл шара барша атыраулықтардың, әсіресе, мұнайшылардың мерейін үстем ете түсті.

– Ғасырдан астам тарихы бар қазақ мұнайының игерілуі, еліміздің, облысымыздың игілігіне жаратылуы – тәуелсіздігіміздің жемісі. Қиын да күрделі саланың ескерткіші болсын деген ниетпен орнатылған архитектуралық нысан мұнайшы ардагерлердің еліміздің дамуына



қосқан үлесінің көрінісі деп білеміз, – деді қала әкімі Серік Жамбылұлы. Орал қаласының әкімі Нариман Төреғалиев құттықтауын айтып, қала басшылығына сый-сияпатын тапсырды.

Таңертеңнен бастап қала көшелерінде көптеген мерекелік шаралар жұртшылық назарына ұсынылды. Исатай-Махамбет орталық алаңында «Достық» үйіндегі этномәдени орталықтары қазақ өнерін паш етіп, концертін ұсынды.

Облыс әкімі Нұрлан АСҚАРУЛЫ алдыңғы шептегі зиялы қауым өкілдерімен мерекелі дастархан басында шүйіркелесіп, Асанәлі Әшімов, Ілия Жақанов, Рахымжан Отарбаев т.б. ардақтыларға ыстық ризашылығын білдірді.

– Сіздер салған сара жол – ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға,

қаланың әрбір азаматының жақсы өмір сүруіне бар күш-жігерімізді салатынымызға сіздерді сендіргім келеді. Облыстың өркендеуіне үлкен үлес қосқан құрметті аға-апаларымыз аразызда отыр. Әрқайсысыңыз бір-бір төбесіздер. Әрқайсыңыз туралы біраз әңгіме айтуға болады, айтамыз да. Шақыруды қабыл алғандарыңызға рахмет! Қала күнін бірге тойлайық! – деді әкім.

Сонымен қатар облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қала тұрғындарына киіз үй ішінде көрмелер ұйымдастырды.

Мұндағы 200-ден аса жәдігердің ер көрнектісі – Жәңгір ханның жұбайы Фатима ханымның камзолы мен басына киген қасабасының көшірмесіне және Жәңгірханның өзінің де шапанына қала тұрғындары ерекше қызығушылық танытты.

Сондай-ақ, облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және сәндік-қолданбалы өнер музейі жергілікті суретшілер мен қолөнершілердің өнер туындыларының көрмесін өткізді.

Ал алаңда тігілген киіз үйлерде азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі де ұйымдастырылып, 20-дан аса кәсіпорын өз өнімдерімен таныстырды. Атап айтсақ, кондитер өнімдерін шығарумен айналысатын «Заман Групп»



ЖШС, «Ландыш» ЖК, «Дәулет нан», «Сауран food», «Аннушка», «Печка пироговая», «Baizaag-Marko», «Амангелді» ӨК, т.б. кәсіпорындары өз өнімдерін көпшілікке ұсынды.

Шырайлы шаһардың үш жүз жетпіс алты жылдығына арналған шара Махамбет атындағы қазақ драма театры алдында үлкен концертпен қорытындыланды. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында тойланған айтулы күні үлкен өмірге қадам басып, отау құруға ниет білдірген 25 жас жұбайға Атырау қаласы әкімінің Алғыс хаты мен гүл шоқтары табысталды.

Одан соң мұнайлы мекен қонақтары мен тұрғындарын облыс әкімі Нұрлан НОҒАЕВ құттықтады:

– Бүгінде Атырау шаһары Астанаға қарап бой түзеп, жаңару, өзгеру кезеңіне қадам басты. Бірақ, облыс және қала басшылығы, атыраулықтар



бұл жетістіктерге тоқмейілмейді. Алға қарай да жетілдіріп, қызмет атқаратын мүмкіншіліктеріміз толығымен бар. Біз ортақ іске бір кісідей жұмыла кірісіп, күш-жігер біріктірсек, алмайтын қамал, аспайтын асу жоқ,



– деген облыс басшысы «Қуатты өңірлер – қуатты Қазақстан» жобасы аясындағы эстафетаның символикалық «Бәйтерек» белгісін Құрманғазы ауданының әкімі Бибоз Шаяхметовке табыстады.

XXXI жазғы олимпиада ойындарының чемпионы, ауыр атлет Ниджат Рахимов, аталмыш олимпиаданың жүлдегерлері Әділбек Ниязымбетов пен Василий Левит жүрекжарды лебізін білдіріп, жұртшылықты облыстың бас шаһарының туған күнімен құттықтады.

Әрі қарай жергілікті және қазақстандық әншілер сахна төрін сазға бөледі. Сондай-ақ, думанды кешке отандық танымал өнер жұлдыздары Төреғали Төреәлі, Кәмшат Жолдыбаева мен Фарида Жолдасовалар қатысып, Атырау түнін әнмен әрледі. Концерттік бағдарлама соңы мерекелік оташуға ұласты.



	Бөлім редакторлары: Мәдениет және өнер – Гүлжанат ШОНАБАЙ Әдебиет (проза) – Қайрат ДҮЙСЕНОВ Әдеби сын – Кенжеғали ҚОШЫМ-НОҒАЙ (Қошымов) Дін – Агабек СЫДЫКОВ Ғылым – Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ Сатира – Мухтар ШЕРИМОВ	Меншікті тілшілер: Гүлбаһрам ЖЕБЕСІН (Алматы қаласы) Қажет АНДАС (Алматы облысы) Темірбек Мұхтаров (Атырау облысы) Байқал БАЙӘДІЛОВ (Ақмола облысы) Алтай АЙЫП (Қызылорда облысы) Нұржан СЕРІКХАНУЛЫ (Жамбыл облысы) Ақмарал Әбдіқалық (Ақтөбе облысы)	Аймақтағы өкілдер: Аққали АХМЕТ (Атырау облысы) Әбілсейіт МҰХТАР (БҚО) Өркен ИСМАИЛ (Қызылорда облысы) Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН (Ақтөбе облысы) Айтуар ӨТЕГЕНОВ (Маңғыстау облысы) Жауапты хатшы – Манас ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ Корректор – Шошан СЕРІКҚЫЗЫ Беттеуші дизайнер – Марат БАЙМАҒАНБЕТОВ	● Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061-Г куәлігі берілді. ● (Алашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414-Г.10.10.2009 ж.) ● «Үш қанжыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы нәтижелі. ● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қанжыр» редакциясының компьютер органдарында жасалып, «Дәуір» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-й) басылды. ● Жарияланған мақсала авторларының пікірлері редакция қызқарасын білдірмейді. ● Суреттердің сапасына редакция жауап береді. ● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты. ● «Үш қанжыр» газетінің жазылу индексі: 64311 ● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.	Мекен-жайымыз: 040900, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі Редакция телефондары: 8(727)972-75-55, Тапсырыс 303 Таралымы 14000 дана e-mail: ushkonyr_gazeti@mail.ru
--	--	--	--	--	---